



ТҮЙТКІЛ

АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ,

Дәлізде тізілген төсек. Шаң-тозаң басқан қабырға, шұрық-тесік еден, күңгірт бөлме, жуылмаған көрпе-жастық. Бұл тазалығы сын көтермейтін ауруханадан бір көрініс. Мұндай санитарлық жағдайы сын көтермейтін ауруханада сау адамның өзі ауру жұқтыруы әбден мүмкін.

Алматыға жедел жеткен еліміздің бас дәрігері қалаға тақау Қаскелендегі жұқпалы аурулар ауруханасында осындай жұпыны көрініске тап болады. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов сапарын бірден осы орталықтан бастауы бекер емес. Өйткені, осы жетіде менингококк инфекциясын жұқтырған 19 жастағы қызды дәрігерлер жедел жәрдем көлігімен Талғардан Қаскеленге жеткізген. Алайда дерті асқынып тұрған наукас жол азабын көтере алмады ма, әлде уақытында ем-шара қолданбағанның болды ма, аурухана төсегінде көз жұмды.

КЕСЕЛДІҢ АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ



Одан кейін Талғар ауданына қарасты Панфилов ауылында 5 жастағы бала осы дерттен шетінеп кетті. Анасының айтуынша, жедел жәрдем бес жастағы Дінмұхаметті бірден қалаға әкелуден бас тартқан. Себебі тұрғылықты мекен-жайы бойынша Талғар ауданында ғана емделе аласыздар деп айтқан.

Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың Алматыға сапарында Қаскелендегі аурухананы ғана емес, шаһардағы бірнеше емхана мен ауруханаларды түгел аралап, емдеу орындарының тазалығы мен жұмыс тәртібіне көңілі толмай, мұндағы қызметке сын айтты.

tengrinews.kz

Министрдің шамына тиген жәйттерді жіпке тізіп көрдік. Сонымен бас дәрігер бас қаладан келіп, түн жамылып, №12 ауруханаға да бармай ма. Сонда дәрігердің қабылдауына кезекке тұрған 50 адамды көзі шалып қалады. Басы ауырып, балтыры сыздап, абзал жандардан тәніне араша сұрап келген қауым жан-жақтан жамырап кетіпті. Олар аурухананың жұмысына көңілі толмайтынын айтып, сын-ескерту жасаған. Бұл бір деңіз!

(Жалғасы 3-бетте)

2

**ШЕТЕЛДЕН
МАМАН ТАРТУ –
ШЫҒЫН****БЕНЗИН ҰРЛАП,
БЕТІ КҮЙДІ****БАҒАСЫ АРЗАН,
САПАСЫ ЖОҒАРЫ**

10

**ЖАС
ТАЛҒАМАЙТЫН
ДОДА**

11

ӘЛЕУМЕТ

РУХАНИ АСТАНАМЫЗ БОЛАР ЕДІ



«Түркістан – бүкіл қазақтың рухани астанасы. Елімізде екі жүзге жуық аудан бар. Соның ішінде Түркістанның орны бөлек. Киелі жер, халқы кемел, салт-дәстүрі сақталған».

(Толығырақ 2-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҮНАЙ (brent)

76,44

DOLLAR

331,83

EURO

390,63

РУБЛЬ

5,35ҚЫЗЫҚСТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ**Миллион теңге,
миллион...**

(Жалғасы 7-бетте)

БИЛІК

«Қазір біз қарқынды жаһандық өзгерістердің куәсі болып, сонымен байланысты қиындықтарды бастан өткеріп отырмыз. Оларды еңсеру үшін мен былтыр Үшінші жаңғыру жөнінде міндет қойдым. Макроэкономикалық тұрақтылық қамтамасыз етіліп, бизнес ахуалы жақсарып келеді». Елбасы шетелдік инвесторлар кеңесінің 31-пленарлық отырысында осылай мәлім етті.

пайдалану туралы кодекс, Салық және Кеден кодекстері сияқты жаңа құжаттар күшіне енді. Кәсіпкерлікті реттеу мәселелері жөніндегі заңнамалық түзетулер топтамасы қабылданды. Барлық бағыт бойынша экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттары енгізілуде», — деді.

Елбасы құқық үстемдігін қамтамасыз етуге және мемлекеттік басқару ісінің сапасына ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті.

«Нұрлы жол» инфрақұрылымдық бағдарламасы еуразиялық интеграцияны күшейтуге және Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен ұштасуға бағытталған. 5 шілдеде «Астана» халықаралық қаржы орталығының таныстырылымы болады. Бұл орталық Қазақстанның қаржы инфрақұрылымының өзегіне және бүкіл Орталық Азия өңірінің хабына айналуға тиіс.

Мемлекет басшысы ел көлеміндегі және өңірлердегі экономика салаларын цифрландыру үдерісіне кенінен тоқталды.



БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТЫҢ БЕРЕКЕСІ БАР

Жиында цифрлық трансформация, жаңа технологияларды қолдану және экономиканы одан әрі даму перспективалары жөніндегі мәселелер талқыланды. Мемлекет басшысы шетелдік инвесторлар кеңесінің еліміздегі бизнес ахуалды жақсартуға және ұлттық экономиканы қолдауға бағытталған жұмыстарының нәтижелеріне тоқталды.

Нұрсұлтан Назарбаев Шетелдік инвесторлар кеңесінің пленарлық отырысына қатысушылардың баяндамаларын тыңдаған соң, жаһандық сын-кәтерлер жағдайында ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Қазақстанның атқарып жатқан шаралары жөнінде айтты. Сондай-ақ елдің одан әрі жаңғыруы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін атқарылатын жұмыстың бірнеше бағытын атап көрсетті.

Қазақстан Президенті «Жер қойнауы және жер қойнауын

Н. Назарбаев «Экономиканы диверсификациялау және жаңа технологияларды енгізу. Еліміз бойынша индустрияландыру аясында 1200-ден астам жаңа кәсіпорын іске қосылды. Инвестициялық және экспорттық стратегиялар жүзеге асырылуда», — деді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы трансұлттық корпорациялармен бірге ірі жобаларды жүзеге асырудың, аграрлық ғылымды дамытудың, технологиялар трансфертінің және құрылыс саласының жоғары қарқынын қолдаудың маңыздылығына тоқталды.

Алқалы жиында үшінші басым бағыт ретінде инфрақұрылымды жаңғырту қажеттігі атап өтілді.

Еліміз Еуразиялық мультимодальді көлік-транзит хабын қалыптастыруда. Жүзеге асырылып жатқан

Еліміз «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды бастады. Цифрлық технологияны агроөнеркәсіп кешіне, көлік және басқа да негізгі салалардағы кәсіпорындарымызға енгізу қажет.

Сонымен қатар Президент Н. Назарбаев адами капиталды одан әрі дамыту қажеттігі және білім беру жүйесін трансформациялаудың маңыздылығы жөнінде айтты. Білім беру жүйесі экономиканы жаңғырту мен цифрландыруды ескере отырып трансформациялануы қажет. Елбасы осыған орай келесі отырыстың тақырыбы ретінде «Адами капиталды дамыту» мәселесін ұсынды.

Қазақстан Президенті ел экономикасын жаңғырту үшін бірлесіп тиімді жұмыс жүргізудің маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ үкіметке шетелдік инвесторлар кеңесіндегі жұмыс топтарының және бүгінгі басқосу барысында айтылған ұсыныстардың бәрін ескеріп, қарастыруды тапсырды.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.т⁰



Түркістан облыс орталығы болады деген сөз біраздан айтылып жүр. Кейбір мемлекеттік мекемелер көшіп жатыр екен дегенді де естідім. Жалпы жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды. Ел арасында тараған жақсы жанаалық шындыққа жанасып келе жатқандай. Түркістан — бүкіл қазақтың рухани астанасы. Біздің балалық шағымызда Түркістан атауы ерекше аталатын. Елімізде екі жүзге жуық аудан бар.

салып жакканда, түтіннің иісі танауыңызды жаратын. Қазір туған жерге барған сайын сол иісті сағынамын.

Түркістанда жел диірмені сияқты жер астынан су шығаратын үлкен желдеткіш бар болатын. Суының дәмі ерекше. Тіпті ол қаланың базары да сәулеті бөлек, нағыз шығыстық үлгідегі жәрменке еді. Сол базарда жүрудің өзі ғанибет. Өзбекстаннан келген саудагерлер жүретін, тіпті онда шелекке мұз салынған салқын

РУХАНИ АСТАНАМЫЗ БОЛАР ЕДІ

Соның ішінде Түркістанның орны бөлек. Киелі жер, халқы кемел, салт-дәстүрі қалыптасқан. Айналасын Арыс, Созақ мекендері қоршаған киелі өңірдің тұрғындары да ерекше. Өзгелерден ерекшеленіп тұруы дінінің тазалығында деп ойлаймын. Түркістан — діни, мәдени, және рухани орталығымызға айналып үлгерген қала. Елбасы Түркістанды ерекше бағалайды. Облыс орталығы болуға тұрарлық қала. Өте қуанышты жағдай!

Менің балалық шағым Түркістанда өтті. Өзім Арыстан болсам да, әпкем сол қалада тұратын. Жазғы демалыс сайын сонда барамын. Ол кезде Әзірет Сұлтан мешітінің жанында құрылыс заттарын сақтайтын қойма бар еді. Кешкісін мешітке ұрланып баратынбыз. Көбі цемент ұрлауға келеді. Цементтің қай жерде сақтаулы тұрғаны маңызды емес. Ол мешітте тұр ма, балаларды қызықтырмайтын. Өйткені цементтің аты - цемент. Жастар жағы жасырынып мешіттің сыртына намаз оқып қайтушы еді. Түркістанның көмірі болды. Ол теміржол арқылы басқа қалаларға жөнелтіледі. Көмірінің ерекше иісі бар. Кейін қара отын қазылмай, тоқтап қалды. Жолдың бойынан самаурынға сол көмірді теретінбіз. Самаурынға

су да сатылды. Ол мұзды Арыс жактан әкелетін. Арыста мұз зауыты бар. Кезінде Ахмет Яссауи кесенесін сол кездері Әзірет Сұлтан мешіті деп атайтын. Түркістанға алуан түрлі заттың бәрі келуші еді. Түркістан қауымының өзі тіл үйретін дәмді болатын. Есіңізде шығар, Ғ.Мүсіреповтің «Тарғыл қауын» шығармасы. Сол Түркістанның қауымына арналған туынды.

Жалпы айта берсем, Түркістан десе, қимас балалық шағым көз алдыма келеді. Болашақ облыс орталығынан сәбидің күлкисі, баланың былдыры үзілмесе екен деймін. Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы болып бекітілсе, бірінші кезекте халық саны артады. Алдағы уақытта Шымкент сияқты алып шаһарға айналуы әбден мүмкін. Нағыз рухани астанамыз болады деген үмітім бар.



Дулат ИСАБЕКОВ,
жазушы

«7-20-25»

Жыл басынан бері Қазақстан банктері несие беру көлемін 30 пайызға ұлғайтты. Бұл туралы Сенаттың қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысында Ұлттық банк төрағасының орынбасары Алпысбай Ахметов хабарлады.

БАНКТЕР 200 МЛРД ТЕҢГЕ АЛАДЫ



Бұған дейін Ұлттық банк «7-20-25». Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктері» бағдарламасын іске асырудың дайындық кездерін айқындады. Бас банкир Данияр Ақышев Мемлекет басшысы ұсынған «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасына ресми кірісі бар кез келген отандасымыз қатыса алатынын хабарлады.

Ол «Бағдарламаның қаржылық жағы болашақ қарыз алушылардың төлем жасау қабілеттілігін талап етеді.

Бағдарламаға ресми кірісі бар Қазақстан азаматы қатыса алады. Қазіргі кезде банктермен өлшем шарттар пысықталуда. Мысалы, тұрғын үйдің құны 7 миллион теңге болса, ай сайынғы төлем 50 мың теңгеден аспайды. Бұл



жалпы алғанда, жұмыс істейтін отандастарымыз үшін қолайлы», — деді банк төрағасы.

Ұлттық банк «7-20-25» бағдарламасына сәйкес, соңғы жылдары ипотекалық несиеге қатысты енгізілген кейбір нормаларды қайта қарамақ.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

71

млрд теңге. Медициналық сақтандыру қорына түскен ақшаның көлемі

240

мың теңге. Парақор туралы ақпарат жеткізген адамға берілетін сыйақы

2

Оңтүстік Қазақстан облысында Келес және Жетісай аудандары құрылады

7 сөз

2021 жылы 6 мың
ауылда интернет
болады

Наталья ГОДУНОВА,
Есеп комитетінің
терайымы:

«Мемлекеттік мекемелер мен ұлттық компаниялар халықаралық кеңесшілерді тартуға қомақты қаржы жұмсауды жалғастырып келеді. Олардың еңбекақысы жергілікті мамандардан 3-4 есе асып түседі. Сонымен бірге олардың еңбекақысын реттеу бойынша нормативтік-құқықтық база жоқ. Сарапшыларды тарту бойынша бірыңғай орталықты құру жолымен халықаралық кеңесшілер қызметіне жұмсалатын шығынды оңтайландыру жөн болар еді»



Нұрлан
НЫҒМАТУЛИН,
Мәжіліс төрағасы:

«Қарызға алынған ақша тиімсіз жұмсалуда. Ұсынылған есепке қарасақ, қарызға алынған ақша министрліктің тікелей функционалдық міндеттемелеріне жартыланған. Сіздерге тиісті шараларға Америка мен Еуропадан маман тартудың қажеттілігі қанша? Бақыт Тұрлыханұлы (қаржы министрі – ред.), сізден артық жұмысты кім бағалай алады? Шетел мамандарын тартудың қажеті қанша? Енді бұл қаржыны қалай қайтарамыз?»

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Ал аталған ауруханада 40 дәрігер жұмыс істейтін көрінеді. Бірақ сол күні түнті кезекшілікте 3 маман ғана болыпты. Бас дәрігер басы ауырған жұрттын жан-айкайына жаны ауырмаған әріптестері үшін ұялды. Мұны екі деп қойыңыз!

Оңтүстік астанада жұқпалы дерт дендеп тұрғанда мұндай салғырттық министрдің көңілін қалдырды. Сол үшін кезекте тұрған тұрғындардан кешірім сұрады. Мұны үш десеніз болады.

Е.Біртанов «Облыстан келген науқастарды қабылдамау бұрыннан бар. Бірақ бұл жерде министрліктің медициналық қызмет көрсету туралы бұйрығы бұзылған. Ауыр наукас шұғыл түрде жакын жердегі ауруханаға жеткізілуі керек. Науқастың жағдайы тұрақтанған кейін ғана баска мекемеге ауыстыруға рұқсат етіледі.

АУЫРЫП ЕМ ІЗДЕГЕНШЕ, КЕСЕЛДІҢ АЛДЫН АЛҒАН АБЗАЛ

Тұрғындар тұрғылықты мекен жайы түгілі, азаматтығына қарамастан, жақын ауруханаға жеткізілуге тиіс» — деп, осы күнге дейін тіркелген жерін сұрап, ауруы асқынған науқасты қабылдамайтын емдеу орындарын сыңға алды.

Жер-жердегі денсаулық сақтау басқармалары науқасты ауруханаға жатқызу бойынша өзінің ішкі бұйрығын қабылдаған. Алайда Е.Біртанов министрлік пен басқарманың құжаты неліктен бір-біріне кереғар екеніне тоқтала қойған жоқ. Ол «Өңірлік денсаулық сақтау басқармасының жұмысын қанағаттанарлықсыз деп санаймын. Жана бұйрыққа сәйкес өзгеріс неге енгізілмегені тексеріледі», — деп кесіп айтты.

Еліміздің бас дәрігері осы жолғы сапарында Қаскелеңдегі жұқпалы аурулар ауруханасын жабу жөнінде өмір берді. Ал аурухананың бас дәрігерін кәсіби біліктілігінің төмендігіне байланысты әкімшілік жазаға тартуды ұсынды. Сондай-ақ Елжан Біртанов менингококк жұқпасының белең алуына байланысты



дәрі-дәрмектің қымбаттағанын жоққа шығарған жоқ. «Ондай мәселе бар» деді ол. Осы кесел өршіген кезде фармкомпаниялар, кәсіпкерлер және дәріханалар бетперде, дәрі-дәрмектің бағасын күрт өсіріп жіберіп, пайдаға кенелуге тырысқан. Ендігі жерде антибиотик бағасын жергілікті әкімдіктің өзі реттейді.

Қай салада болсын, төтеннен келген осындай оқыс жағдай біздің дайындығымыздың әлсіздігін көрсетеді. Мейлі, ол табиғат апаты болсын, мейлі, жұқпалы ауру болсын, біздің оған қарсы тұратын қуатымыз ғана емес, дайындығымыз да кемшін екен.

Ұлттық сараптама орталығы деген мемлекеттік мекеме бар. Сол мекеме

бактериялардың құбылуын, аурудың асқинуын, жұқпалы кеселдер туралы зерттеу жүргізіп, алдын алып отыруы тиіс еді. Алайда олардың да бұл жолы қайда қарап отырғаны белгісіз. Менингит менденген соң ғана дабыл қакты. Дерттің себебімен емес, салдарымен күресіп жатыр. «Нұр

Отан» партиясының хатшысы Тамара Дүйсенова да осылай мәлім етті. Бұрынғы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі «Қазір біз дерттің салдарымен күресіп жатырмыз. Ең алдымен себебімен анықтауымыз қажет еді. Бірақ олай жасамадық» - деді. Алматы қалалық қоғамдық денсаулықты сақтау департаментінің басшысы Айзат Молдақасымованың айтуынша, орталыққа қарасты зертхана өткізген есепте жұқпалы дерттің өршуіне еш себеп болмаған. Алматы жұқпалы аурумен алысып жатқанда, Астанада орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз

мәслихатында бас санитарлық дәрігер Жандарбек Бекшин «Менингиттің шарықтау шегінен өттік» деді. Оның айтуынша, аурудың беті қайтыпты. 17-ші аптада кеселдің беті қайтыпты. Еліміз бойынша бір аптада осы дертпен ауруханаға түскен 15 адам, Алматыда 13 наукас тіркелген. Бас санитардың қуанып отырған бір жаңалығы — соңғы төрт тәулікте онтүстік астанада менингококк инфекциясын ешкім жұқтырмапты.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» — дейді халқымыз. Кеселдің алдын алмаса, мысқалдап кірген аурудың батпандап шығатыны тағы бар.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Тамыр

1996 жылдан бастап қазақ тілінің жаңа (латын) әліпбиге көшу мәселесі қозғалып келеді. Елбасы Н.Назарбаев алғаш рет бұл туралы 1996 жылы Қазақстан Халықтар ассамблеясының ІІІ сессиясында «Латын қарпіне көшудің өзі қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның өлемдік ақпарат кеңістігіне, технологиялық тұрғыдан бейнелеуге, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бірігуіне неғұрлым тиімді көмек көрсетер еді», – деген болатын. Ал 2006 жылы «Бір кездерде туындаған латынға көшу мәселесіне қайта оралуымыз қажет. Бүгінгі күні коммуникативтік кеңістікте латын графикасы басымдылық танытып отыр» дей келе, осы мәселенің ғылыми жағын зерттеу туралы нақты тапсырма берді. 2013 жылы Қазақстан-2050» стратегиясында латын тіліне 2025 жылы толық көшетініміз туралы кесімді сөз айтылды.

Әліпби ауыстырудан ұтатынымыз — ең біріншіден, казак тілі емлесінің таза төл (казаки) жазылым нормасын қалыпқа келтіреміз. Одан басқа да пайдасы айтылып та жүр. Алдағы уакытта тек осы күнге дейін емелік ережелерге қарама-қайшылық тудырған әрі казак тілінің типологиялық болмысына сәйкес келе бермейтін кейбір сөздердің жазылуы мен құрылымдық түрленуінде болатын қателіктерді түзету мәселесі тұрғысында жұмыс жүріп жатыр.

Қазақ жазуының тарихына үнілсек, расында да Ахмет Байтұрсынұлының ұсынған жазу нормасы казактын табиғи сөйлеу болмысын танытатын үлгі болатын. Кейін кирилл әліпбиіне көшу салдарынан бір сөздің бойында бір таңбаның бірнеше қайталануын қысқарту мақсатында, тағы да басқа ықпалдардың әсерінен жазылым мен айтылым арасында үлкен алшақтық туындап, қалай жазылса, солай айтатын келешек ұрпақтың сөйлеу нормасы бұзыла бастады. Қазақ жазуындағы бұл өзгерістер 1940 жылдары латыннан кирилл әліпбиіне ауысу кезеңінде пайда болды. Ал 1929-1940 жылдардағы латын әліпбиінде А.Байтұрсынұлының жазу үлгісі сақталған еді. Сондықтан казак тілі үшін латын әліпбиіне көшу қорқыныш тудырмайды. Себебі ондай тәжірибеден бұрын өткен. Сондай-ақ көптеген ақын-жазушыларымыздың (*М.Әуезовтен бастап*) таңдамалы шығармалары латын қарпінде жазылған нұсқалары сақталған. Жазылуы қиындық тудырған жағдайда сол еңбектердің нұсқаларына сүйеніп, түрлі үлгілерін эксперименттеп салыстыруға толық мүмкіндік бар. Сондай-ақ казак тілі емлесінің негізгі ережелері де 1929 жылдары осы латын қарпіне көшу қарсаңында басталған. Сол кезеңдегі тілтанушы ғалымдар 1940 жылға дейін латын қарпіндегі казак тілі емлесінің негізін қалап, 1941 жылы алғашқы емле сөздігін құрастырды. Ендігі кезекте осы емле ережелерінің артықшылығын пайдаланып, кемшілігін талдап, жана әліпбиге негізделген емле нормасын жазуға пайдалануға болады. 1939-1940 жылдары казак жазуын орыс алфавитінің негізінде көшірумен байланысты казак тілінің емлесі де

өзгертілді. Латын алфавитіне байланысты жасалған соңғы 1938 жылғы ережеге бірсыпыра өзгерістер қосылды. Осы өзгерістердің дұрыс орфографиялық нормасын енгізу науқанына білек сыбана кіріскен ғалымдар М.Балакаев, С.Аманжолов және Н.Сауранбаевтар болды. Олардың түсінігінде, ертеректегі қатені соңғы кезде түзеу айып емес, қайта керекті іс деп танылды. Осы кезеңде даудың тудырған мәселелер сөз басындағы, сөз ортасындағы ый, йй жөнінде болатын. Бұл орфографиялық өзгерістерді 1947 жылы С.Аманжолов былай түсіндірген: «Қазақ тілінің емлесі негізінде сөздің естілуіне қарай жасалған. Бұл құрғақ сөз емес, принцип, жол. Сондықтан «ый» естілген жерде жазбасқа болмайды. Өйткені оның мағынамен тығыз байланысты екенін ескеру

олар жай өзгертулер емес, өмірден туған жаңалықтар, занды жөндеулер деп танылды. Ғалым: «Қосакты ы мен и орнына бір ғана жалаң и қолдану оғай әрі тиімді, жинақты сияқты. Жуанына да, жіңішкесіне де и жазудан сөздің мағынасы бұзылмайды, қайта ый жазылатын сөздердің жазылуы бірыңғайланып жеңілденеді. Мәселен, ыйық, қый, сыйыр» сияқты сөздерді шұбаландатпай иық, ки, сыыр, қия деп анық, ықшамдап жазуға болмай ма? Бір дыбысты қос әріппен таңбалау дұрыс есе деп отырып, өзіміздің оған баруымыз бірізділік болмайды» деген өзіндік пікірін білдіреді. Байқап қарасақ, Н.Сауранбаев модель бірізділігін, ықшамдау принципін ұстанған. Ал С.Аманжолов ұлттық тілге тән айтылым нормасын сақтау, омонимдерді көбейтпей, екі түрлі ұғымды бір сөзбен

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ мен ЕМЛЕ ТӘЖІРИБЕСІ



керек болды. Мысалы, сый (подарок), си (*мочиться*); тый (*запретить*); ти (*трогать, попадать*); мый (*мозг*), ми (*трясина*). Бұл сөздер үшін ереже алмай-ақ, ескерту беріп кетсе де болар еді, барлық болып жатқан туынды сөздерде де «ый» айқын естілетінін байқаған соң, оларды «и»-мен беру қолайсыз болды. Мысалы, оқы(й), тасы(й), қабы(й), сылы(й), жылы(й), т.б. Ереже шығару үшін бұлар да азық етер деп едік, сөз ішінде «ый»-лардың естілуін көрмеске, есептеспеске болмады. Мысалы, қыйын, сыйын, қысың, қыйқым, сыйқым, сыйық, тыйын. Кейбір тіл мамандары: Жоғарыдағыдай «ый» естілген жердің бәріне «и» жазсақ болмай ма, иман, Иса, иық сияқты сөздерде «ы»-сыз-ақ жазамыз ғой дейді. Мұны айтушы жолдастар, біріншіден, мағына мен форманы шатастырған. Екіншіден, мұнымен байланысты сөздегі «и» әрпінің жуан ы жіңішкелігі онан кейінгі әріпке қарай ажыратылады деген ереже шығаруымызға тура келеді. Бұл баяғы дәйекшені елестетеді. Сөз басындағы «и» ешбір сөз қалпына, формасына, мағынасына нұқсан келтірмейтіндіктен алынған, ал соған қарап сөз ортасындағы, аяғындағы «ы»-ларды «и»-мен берейік деу — емле ережесін қиындату, казак сөзінің табиғатын, жаратылысын білмеу, ы біле тұрса да ескермеу болып табылады».

Демек ғалым бұрынғы орфографиялық норманы түбегейлі өзгертпей, кейбір сөз ортасындағы «ый»-дың мағына білдіруші фонемалық қызметін жоймай жазуды алға тартты.

Ал Н.Сауранбаев 1950 жылы орфографиялық емле өзгерістерінің барлығына жеке пікірін білдіре отырып,

емес, фонема арқылы ажыратып, екі сөз ретінде жазу (мый — ми) қағидасын ұстанады.

Қазақ тілінің емлесін құрастырушылардың бірі М.Балакаев өз пікірін былайша білдіреді: «Орфография жалпыға ортақ, оның ережелері бір ізге түсіп, әбден қалыптаспайынша, жалпыхалықтық тіл нормасын жасау, әдебиет тілінің еркін дамып, қалыптаса беру процесін тездету, жалпыға ортақ орфографиялық норма жасау, мектептерде тіл сабағын оқытуды дұрыс жолға қою мүмкін емес».

Қорыта келгенде, казак тілі емлесі мен әліпбиінің тарихына терең үнілетін болсақ, ереженің өзгеруі тілдің ұлттық болмысын тұрақты сақтап қалу үшін емес, қоғам талабына қарай бейімделу уәжі басым тұратынын байқаймыз. Қазіргі таңда латын негізді казак әліпбиі бойынша емле жасауда казактын табиғатына тән сөйлеу ерекшелігіне сүйене отырып, біркатар сөздердің жазылуын «Ахмет Байтұрсынұлыша» таңбалауды қайта енгізу керек деген пікірлер өз ұсыныстарын жариялауда. Бұдан да басқа ескеретін жәйттер көп. Бүгінгі күні қоғамда емле ережелеріне бағынбаудан туындайтын жағдайлар дұрыс жазудың бірізділік қалпын сақтай алмай отыр. Демек емле ережелеріне қатысты мәселелерді жиі талқылап, жұртшылыққа насихаттап отыруымыз керек.

Айгүл ӘМІРБЕКОВА,
Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс топтарының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты

QOQAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Сөз-Жебе

Абылай МЫРЗАХМЕТОВ,
«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер
палатасының басқарма
төрағасы:

«Қазір еліміз бойынша 100 млрд теңгеден астам қаржы колледждерге жұмсалады. Бізде 800-ден артық колледж бар. Алайда ол жерде оқыған жастардың жартысынан көбі жұмысқа тұра алмай жатады. Ал статистика бойынша басқа мәлімет беріледі. Бірақ біздің талдауымызға сәйкес, колледж түлектерінің басым бөлігі жұмыссыз жүреді. Байлаша айтқанда, кәсіби-техникалық білім беру ошақтары сұранысы жоқ мамандарды даярлайды»



Жетістік

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ өлемдегі ең үздік 800 университеттің ішінен 220-орынға ие болды.

QS World University Rankings халықаралық рейтингінде ол тағы 16 орынға алға шықты. Бұл топқа посткеңестік кеңістіктен тек екі университет - ҚазҰУ және Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті кіреді.



БІЛІМ ОРДАСЫ БИІКТЕН КӨРІНДІ

Елбасы Қазақстанның жоғары оқу орындарына өлемдегі ең үздік 200 ЖОО қатарына кіру міндетін қойған болатын. ҚазҰУ өлемдік кеңістікте мойындалған еліміздің жетекші университеті ретінде осы маңызды мемлекеттік тапсырманы іске асыруда. Соңғы бес жылда университет QS WUR рейтингінде 400-ден астам позицияға көтерілді. Әлемдік тәжірибеде бірде-бір университет осындай өсу динамикасына қол жеткізбеген! Университеттің өлемдік деңгейде таньлуы ҚазҰУ-дың тұрақты даму бойынша БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасының Ғаламдық хабы ретіндегі белсенді қызметімен және халықаралық жобаларымен байланысты. Олардың ішінде ҚазҰУ ұсынған инновациялық-технологиялық және рухани-адамгершілік платформалардың симбиозына негізделген «Университет 4.0» жана буын университетінің моделі бар.

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ 2019 жылдың қыркүйегінде бүкіләлемдік форум және жоғары оқу орындарының халықаралық көрмесін өткізу туралы шешім қабылдады. Осындай ауқымды іс-шараны өткізу Қазақстанның өсіп келе жатқан беделін айғақтайды және елдің жоғары білім беру жүйесін өлемде алға жылжытуға ықпал ететін болады.

Әуебайланыс

«Эйр Астана» әуе компаниясы Ресейге жаңа екі бағыт ашып, әуе флотын Airbus A321neo

ұшағымен толықтырды. Жаңа бағыт Астанадан Түменге және Қазанға ашылды. «Астана-Түмен» бағыты аптасына 3 рет – дәуісенбі, сәрсенбі және сенбі күндері Embraer 190 ұшағымен орындалады.

«ЭЙР АСТАНАНЫҢ» ЖАҢА БАҒЫТЫ



Астанадан Түменге ұшу ұзақтығы — 1 сағат 40 минут. Сонымен қатар Франкфурт, Лондон, Париж, Киев, Ыстамбұл, Тбилиси, Ташкент, Бішкек, Баку және Бейжіңнен саяхаттайтын жолаушыларға Астана арқылы Түменге ынғайлы түйісу рейстері ұсынылады. Түйісу мерзімі бір күннен асатын жолаушыға Stopover Holiday қызметі ұсынылады. Бұл қызметтің ерекшелігі 1 доллар төлеп, қонақүйде түнеуге және әуесжайға трансфер алуға болады. «Эйр Астана» ұшу бағыттарын кеңейтуімен қоса, өзінің әуе паркін батыс өндірушілерінің заманауи әуе кемелерімен толықтыруды жалғастыруда. 2 маусымда екінші Airbus A321neo ұшағы қабылданды.

Әуе компаниясы Airbus A320neo тобының 17 ұшағына тапсырыс берді. Оның үшеуі әкелінді. Алдағы екі жылдың ішінде қалған 14 ұшақты алу жоспарланған.

Аймақ

Қызылорда облысында мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі жобасы аясында көптеген нысан бой түзеп, құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Мәселен, серіктестік аясындағы жоспар бойынша облыс орталығында құны 1 млрд теңге тұратын 500 емделушіге арналған емхана, 1,9 млрд теңгеге 600 орындық колледж бөн 200 орындық жатақхана, 4,5 млрд теңгеге апаттық жағдайдағы мектептердің орнына салынатын 11 білім шаңырағы, 7,5 млрд теңгеге Қорқыт ата әуежайында жаңа терминал, 1,3 млрд теңгеге таза ауыз сумен қамту жоспарланған.

Осы жобаларды жүзеге асыру, қажетті құжаттарды әзірлеу жұмысын «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларын жүргізу орталығы» іске асырады. Көптеген мемлекеттердің экономикасында мемлекет пен жеке бизнестің өзара қарым-қатынасының жаңа формасы – мемлекет пен жекеменшік серіктестік кең қанат жаюда. Ол әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға жеке кәсіпкерлік нысандарын тартудың тиімді механизмі болып табылады. Қазақстанның бүгінгі экономикалық саясатындағы өзекті мәселенің бірі – мемлекет пен жекенің байланысына ықпал ететін және ол процестерді тиімді түрде жеделдетіп мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті дамыту болып отыр.

Қызылорда облысында денсаулық сақтау басқармасы бойынша 5 жоба жүзеге асырылады. Олар – Қызылорда қаласы Тасбөгет кентінде 250 адамды қабылдауға арналған емхана және 4 ауылдық округтен дәрігерлік амбулаторияның құрылыстарын салу. Олар – Арал ауданындағы Бекбауыл,

ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

СЫР ӨҢІРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕМЕНШІК СЕРІКТЕСТІКТІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Сырдария ауданындағы Ақжарма, Қазалы ауданындағы Өркендеу, Шиелі ауданындағы Жөлек ауылдық округтері. Ал дене шынықтыру және спорт басқармасы бойынша 3 жоба жоспарланған. Олар – Тасбөгет кентіндегі және Қармақшы ауданы Ақай ауылдық округінде 2 дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы және Қызылорда қаласы «Мерей»



мөлтеқауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін жалға алу қызметі.

Бұған коса, мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы бойынша Жанакорған ауданы Өзкент ауылдық округінде 150 орындық ауылдық клубтың құрылысын жүргізу жоспарға енгізілген. Қызылорда қаласының ішкі істер басқармасының Ақсай полиция бөлімі ғимаратының құрылысы ішкі істер департаменті бойынша жүзеге асырылатын бір жоба болып саналады. Сонымен бірге Қызылорда қаласы көшелерін жарықтандыру энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша жоспарланған.

Мемлекеттік жекешелік серіктестік жобаларын қарау барысында басты назар барлық тарап үшін тиімді басымдықтарға аударылады. Мысалы, мемлекет үшін бұл басымдықтарға бюджет қаражатын үнемдеу қосымша ресурс *(қаржылық, материалдық және басқарушылық)* алу, көрсетілетін қызмет пен тауардың сапасы мен көлемін арттыру жатады. Сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын құру және бұрынғы жұмыс орындарын сақтау, жобаны іске асыруда уақытты үнемдеу, көпшілік міндеттердің шешімін жылдамдату секілді тиімділік жоспары бекітілді.

Қазақ «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Мемлекет пен жекеменшік серіктестігінің нәтижесінде Сырдың сол жағалауынан әсем қала бой көтеріп келеді. Жаңа қала ақылды, озық технологиямен жабдықталған, сондай-ақ ғимараттардың сыртқы бейнесі ұлттық және шығыстың нақышта безендірілген. Тұрғын үйлердің басым көпшілігі қазақы менталитетке сай 4-5 қабатты болып келеді. Өйткені, барлық үйдің тұрғындары бір-бірін танып, көршілерімен тату-тәтті болсын деп жоспарланыпты.

Сыр елінің орталығы – Қызылорда қаласының бас жоспарына сәйкес, Сырдария өзенінің сол жағалауын дамыту жұмыстары бүгінгі күні қарқынды жүргізілуде. Ауқымды жобаның алғашқы кезеңі де аяқталуға жақындап қалыпты. Құрылыс жобасы қалай басталды, қалай қолға алынды? Оның өзі үлкен әңгіме.

«Кәсіпкерлікті дамытуға мемлекет-жекеменшік серіктестігі аясын кеңейту зор мүмкіндік береді. Бұл жерде әңгіме бірқатар мемлекеттік қызметтер көрсету міндетін бизнеске беру ісіне қатысты болып отыр. Бізде қазірдің өзінде оларды мектепке дейінгі білім беру ісіне тарту саласында жақсы нәтижелер бар»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауынан)



СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖОСПАРЫ

Сыр бойының тарихына көз жүгіртсеңіз, Қазақ хандығы құрылған жылдары Сырдария жағасында 32 қала болыпты. Қызылорда облысының өзінде 4 астана болған. Олар - сақтардың астанасы Шірік-Рабат, оғыздардың бас қаласы Жанкент, қыпшақтардың ордасы Сығанақ және Қазақ кеңес социалистік республикасының

астанасы Ақмешіт. Сондықтан, бұл қала тарихы терен, тағылымы мол шаһар. Қаланың сол жағалауын дамыту келешегі кемел жоба.

Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру идеясы Қазақстан үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысымен бекітілген, қазір Қызылорда қаласының бас жоспарына сәйкес жүзеге асырылуда.

Құрылыс жұмыстары мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде жүргізілуде. Сол жағалаудағы аумақ 15 ауданнан тұрады. Оның ішінде 11 тұрғын-үйге арналған аудан, 1 индустриалдық аймақ және 3 ірі саябақ пен бульварлар.

2013 жылы облыстық бюджеттен бөлінген 132,9 млн теңгеге Сырдария өзенінің

«Мемлекет-жекеменшік серіктестігін дамыту өкімдердің нақты және кәсіби жұмысына байланысты. Жекеменшік капитал тарту үшін мемлекет-жекеменшік серіктестігінің ықтимал барлық түрі мен нысанын пайдалану қажет»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауынан)



сол жағалауындағы 1 532 гектар аумаққа инженерлік-геологиялық және геодезиялық зерттеу жұмысы жүргізіліпті.

2014 жылы 107 млн теңге қаржы бөлініп, осы аумақтың түбегейлі жоспарлау жобасы әзірленді. Бірінші кезекте салынатын нысандар тізімі жасактала бастады.

2016 жылдан бастап, аймақ басшылығы осы ауқымды жобаны жүзеге асыруға қарқынды түрде кірісіп кетті.

Сол жағалауды кешенді игерудің 1-ші кезеңі – құрылыс алаңының белгіленіп, қажетті инфрақұрылымдарының құрылысы 2017-2024 жылдар аралығында жоспарланған. 2016 жылдың желтоқсан айында Сырдария өзенінің екі жағалауын байланыстыратын үлкен көпір пайдалануға берілді. Мұның бәрі мемлекеттік жекеменшік серіктестік жобасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар.

СОЛ ЖАҒАЛАУ ЖАНДАНАДЫ

2017 жылдың мамыр айында Сырдария өзенінің сол жағалауынан 5 қабатты 18 тұрғын үйдің және 320 орындық балабақшаның іргетасы қаланды. Бұл жеке кәсіпкерлердің қаржысымен жүзеге асып жатқан ірі жобалардың бірі болып табылады.

Ең бастысы, тағы да нақтылап айтайық, бұл нысандар құрылыс компанияларының өз қаражаты есебінен салынып жатыр. Жоба құны 742 млн теңгені құрайтын 320 орындық балабақшаның құрылысы «Әбу-Сер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

арқылы мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында салынууда.

Мұнда салынатын көпқабатты тұрғын үйлердің жоғарғы қабаттағы пәтерлерін жергілікті билік сатып алып, баспанаға мұқтаж қызылордалықтар үшін «Орда» өңірлік тұрғын үй бағдарламасы аясында қолжетімді бағамен ұсынбақшы. Бағдарламаның артықшылығы – баспаналы болу үшін пәтер құнының 50 пайызын

жинақтау талап етілмейді әрі несие мерзімі мен сыйақы мөлшерлемесі қолайлы. Бірінші шағын аудан Астана күніне орай пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар өткен жылдың шілде айынан бастап осы аумақта «Болашақ» университетінің студенттер қалашығы, жастар ресурстық орталығы мен «Рухани жаңғыру» орталығының іргетасы қаланып, қазіргі таңда аяқталуға жақын тұр. Бұл да мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің жемісі.

Қала тарихындағы орны ерекше нысанның бірі – «Рухани жаңғыру орталығы» болмақ. «Сол жағалаудан Қазақ Орталық атқару комитеті отырған үйдің үлгісінде қалалық музей ғимараты салынып, жақында пайдалануға беріледі.

Аймақтың беделді жоғары оқу орындарының бірі – «Болашақ» университетінің студенттер кампусы да жеке инвестордың қаражаты есебінен салынып жатыр. 10,8 га аумақты алатын студенттер қалашығы ішінде 12 қабатты әкімшілік ғимарат, оқу корпустары, колледж, студенттер сарайы, балабақша, дендросаябақ пен мегаорталық орналасатын болады.

Аяқталуға жақындап қалған нысандарының тағы бірі – жастар ресурстық орталығы. Болашақта оның ішінде инновациялық IT-саябақ ашылып, Қызылорданың үздік жас мамандары жұмыс істейтін болады. Оларға қызметтік баспана беріліп, жоғары жалақы тағайындалмақ. Сол жас мамандардың біразы облыс әкімінің бастамасымен Ресейдегі үздік университеттерде диплом алған түлектер болады деп жоспарлануда.

Одан бөлек, 100 келушіге арналған емханасымен қоса, 300 төсектік қопсалалы облыстық аурухана, «Неке сарайы» ғимараттарының

құрылыстарын жүргізу жоспарланған. Бүгінгі күні аталмыш нысандардың жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, құрылыс жұмыстарын жылдың аяғына дейін басталады. Мұның бәрі мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің нәтижесі.

Жарас ШОКЕ

Қолдау

Елімізде электрондық сауданы дамытудың жол картасы аясында негізгі жұмысты жүзеге асыру басталған уақыттан бері оң үрдіс байқалады. Ресми статистика деректеріне сәйкес, өткен жылы электрондық сауда нарығының көлемі 106,9 млрд теңгені құрады. Бұл жалпы бөлшек тауар айналымының 1,2 пайызын құрайды. «Қазпошта» АҚ жедел деректері бойынша, 2018 жылдың 5 айындағы электрондық сауда нарығының көлемі 101 млрд теңгені немесе бөлшек тауар айналымының жалпы көлемінің 2,9 пайызын құрады. Бұл туралы Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен осы аптадағы үкімет отырысында айтылды.

Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменовтің дерегіне сүйенсек, нарықта 1658 интернет-дүкен жұмыс істеп, сатып алушылар саны 5 пайызға өсіпті. Аталған салада 71,6 мың адам жұмысқа орналасқан. Цифрлық қаржы қызметтерін дамыту мақсатында Ұлттық банк ұялы телефонды пайдалану арқылы шұғыл төлем жүйесінің жобасын әзірлеген. Аталған жүйенің мақсаты - онлайн режимде жеңілдетілген реквизиттер бойынша банк аралық төлемдер үшін ыңғайлы және қолжетімді құралды қамтамасыз ету. Жүйені пилоттық режимде 2018

жан-жақты дамытуға жағдай жасайды», — депі.

Электрондық коммерцияны дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы мәселені қарау барысында Ұлттық банк басқарма төрағасының орынбасары Ж.Құрманов, «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы С.Сәрсенов, «Атамекен» ҰКП басқарма төрағасы А.Мырзахметов сөз сөйледі. Өңірлерде онлайн сауданы дамыту қарқыны туралы Ақтөбе облысының әкімі Б.Сапарбаев пен Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев баяндады. Премьер-Министр Б.Сағынтаев электрондық коммерция «Цифрлық

ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

жылғы тамызда тестілеу жоспарланып отыр. Ал мамырда ұялы байланыс қызметтеріне ақы төлеуге арналған «электронды әмиян» жобасы іске қосылды.

Елімізде 2018 жылдан бастап логистиканың инфрақұрылымын дамыту үшін Fulfillment — логистикалық хабтар мен сұрыптау орталықтарын құру жұмысы басталды. Бірінші орталық Астанада биыл сәуір айында іске қосылды. Өңделген тауар санын 20 пайызға ұлғайту көзделіп отыр. Ел ішінде жеткізілу уақыты 15 күннен 6 күнге дейін қысқартылады. Ал белгілі бір бағыттау бойынша экспресс-пошта арқылы жіберілсе, бір күнде жеткізіледі.

Ұлттық экономика министрлігі «ҚР кейбір



заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу туралы өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын әзірледі. Ол аппаратты жүйелеуге және электрондық сауданы құқықтық реттеу тетіктерін әзірлеуге бағытталған. Заң жобасын қабылдау электрондық сауда субъектілерінің қарым-қатынастарын реттеуге, тұтынушылардың және кәсіпкерлердің электрондық саудадағы құқықтарын қорғауды арттыруға мүмкіндік береді. Заңнамалық базаны жетілдіру аясында жаңа Салық кодексінде «интернет-дүкен», «интернет-алаң», «тауарлардың электрондық саудасы» түсініктері анықталды.

Электрондық сауда саласындағы корпоративтік және жеке табыс салығын төлеуден түсетін кірістерден босатуға қатысты салық жеңілдіктері күшіне енді. 2022 жылға қарай электрондық сауда үлесін 2,6%-ға дейін ұлғайту және 200 мың жұмыс орнын құру жоспарланып отыр.

Жиын барысында ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев «Заманауи телекоммуникациялық инфрақұрылымды құру нәтижесінде, елімізде интернетті пайдаланушылар саны 2017 жылы 78,8% кетті. 2021 жылға қарай ауылды мекендердің басым бөлігін кең жолақты интернетпен қамту көзделген. Жоғарыда аталған шараларды жүзеге асыру арқылы инфокоммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға жол ашылады. Бұл электрондық коммерцияны

5 жылда электрондық коммерция саласында 200 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылмақ. Мұның бәрі дәстүрлі өндірістің қысқаруына алып келеді. Бірақ жаңа салалар пайда болады екен.

Қазір елімізде 700-ден астам базар бар. 2021 жылдың 1 қантарына дейін олар жаңа форматқа көшуі керек. Сондай-ақ 193 мың сауда орны бар.

Перемьер-Министр Б.Сағынтаев: «Қазіргі таңда ол жерде әлеуметтік шоғырланған проблемалар көп. Осының бәрі стандартты түрге, болмаса электрондық түрге көшетін болса, бірінші кезекте жұмыс орны көбейеді, екінші кезекте түсетін салық көлемі өседі. 2017 жылы бағдарлама қабылданған кезде алдағы 5 жылдың ішінде осы электрондық саудада 200 мың жұмыс орнын ашамыз деп есептегенбіз. 5 айдың ішінде 40 мың жұмыс орны ашылды. Айтылған индикаторды жыл соңында қайта қарауға, одан да көбейтуге мүмкіндік бар. Жұмыс орнын қайдан ашамын деп жүрсеніздер, міне, 5 айда – 40 мың. Егер де әкімдіктер тарапынан ұсыныстар болып, әр жерде өздері белсенділік танытып, «хабтар» ашамыз деп жатса, мұны пайдалану керек. Осылай дамып жатса, біздің тарапымыздан тек қолдау болады», — депі.

Үкімет басшысы транзит саласында да электрондық коммерцияны пайдалану арқылы 2020 жылға дейін транзиттен 5 млрд доллардан да көп пайда алуға болатынын айтты.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Нәтиже

Аграрлық экономиканың басты міндеті халықты азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуге бағытталған. Түптеп келгенде, осының бәрі білім мен ғылымға сүйенгенде ғана жүзеге асады.

Нағыз білім мен ғылым бар жерде, оған сұраныс саяси, қаржылық, құқықтық рәсімделгенде жаңа технологиялар түзілмей тұрмайды. Түймедей минералдық ресурсы жоқ Жапонияны, адам саны Қазақстаннан 3 есе аз Финляндияны білім мен ғылым, содан нәр алған технологиялар ұшпаққа шығарды.

Елбасымыздың Қазақстан халқына биылғы Жолдауында 10 міндет күн тәртібіне қойылғаны белгілі. Білім, ғылым, технология, университет, ғылым деген сөздер 70-ке жуық рет қолданылған. Бірінші міндетке байланысты Назарбаев университетін, Инновациялық технопарктің, Үшінші міндетте аграрлық ғылым мен білімнің, Төртінші міндетте интеллектуалды көлік жүйесінің,

сынды тұлғалар үлес қосқанын көзікарақты қауым жақсы біледі.

Тәуелсіздік тұсында университеттің өркендеуі Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаевтың тікелей қамқорлығымен жүзеге асты. 2001 жылы Елбасы Жарлығымен университетке ерекше мәртебе — ұлттық статус берілді. 2010 жылы оқу орнына ат басын арнайы бұрып, профессор-оқытушылармен, студенттермен кездесті. Сол жолы берген тапсырмалары әлі өзектілігін жойған жоқ. Уақыттың тапшылығына қарамастан, университет басшысы, ҰҒА академигі Тілектес Есполовты екі мәрте қабылдап, аграрлық білім мен ғылымның жаңа көкжиегін айқындап берді. 2015 жылы ұжымның 85 жылдық мерейтойына құттықтау жолдап, ұлттық тарихымыздағы орны мен рөлін жоғары бағалады. Онда «Қазақ ұлттық аграрлық университеті — еліміздегі ауыл шаруашылығы өндірісіне арнап білікті мамандар даярлайтын ең іргелі оқу орны. Осы жылдар ішінде оны мыңдаған түлектер бітіріп шығып, Отанымыздың агроөнеркәсіп саласының өсіп-өркендеуіне мол үлес қосты» делінген.

Соңғы 8 жыл бойы ҚазҰАУ базасында зерттеу университетін құру бағытында кешенді жұмыстар

түзуге жегілген агротехникалық хаб 2015 жылдан бері жұмыс істеуде. Былтырға дейін индустриалды-инновациялық дамудың аясында 4 мамандық бойынша мамандар даярланса, бүгінде олардың саны 11-ге жетті. Әлемнің жүздеген университеттерімен іскерлік байланыс орнатылған. Зерттеу университетіне айналу келешегі ҚР агроөнеркәсіптік

Тұңғыш Президентіміздің өмір жолын оқып-үйренудің маңызы зор. Бұл орайда Елбасы кітапханасымен іскерлік байланыс орнатқанымыз тамаша нәтижемен көмкерілгенін баса айту керек. Былтырғы жылы



кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарғы мемлекеттік бағдарламасында да көрініс тапты. Тап бүгін дамушы

караша айының соңында кітапхана басшылығы университетке Елбасы қаламынан туған және Ұлт көшбасшысы туралы 500 дана кітапты сыйға тарты. Іле-

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



5

Осының әрқайсы мерзімді баспасөз беттерінде, университет сайтында көрініс тапты. Болашақ орталықтың миссиясы мен келбетін айқындауға Елбасы кітапханасының басшылары Ә.Рақымжанов, Б.Қайыпова, К.Ақтаева бағалы ақыл-кеңестерін берді.

2 сәуір күні Назарбаев орталығының салтанатты ашылуы рәсімделді.

Орталық төрт бөлімнен тұрады. «Менің Президентім» залында «Бастау», «Құрышпен шыңдалған», «Саясат саңлағы», «Сын сағаты», «Астана — тәуелсіздік мақтанышы», «Бірлік пен келісім», «Руханият», «Қазақстан және әлем», «Ұлы күн» топтамалары мен жүздеген құжаттар, жәдігерлер, фотоматериалдар, кітаптар, газет мақалалары қойылған. Шамалғандағы қоржын үйде тұрып, Қаскелендегі шағын ғана мектептен түлеп ұшқан қарапайым қазақ баласының әлем таныған тұлғаға айналғаны қысқа да нұсқа түрде ашылады.

«Менің университетім» залы ҚазҰАУ тарихынан хабар береді. Мұнда келгендер оқу орны базасындағы агротехнологиялық хаб құрамына кіретін Қазақстан-Жапон, Қазақстан-Беларусь агроинженерлік, Су, Тұрақты егін шаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешенге сандық технологияларды енгізумен айналысатын Ситуациялық орталықтарымен, Инновациялық жылыжай, Коллекциялық бак, Мемлекеттік индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы (МИИДБ) шеңберінде мамандар дайындауға арналған оқу, ғылыми-зерттеу зертханаларымен танысады.

Бұдан кейінгі екі залда Елбасы кітапханасы орналасқан. Кітаптардың электрондық нұсқасымен де танысу мүмкіндігі бар.

Соңғы зал студенттердің «Достық» ассамблеясы жинақтаған мәдени-этнографиялық мұраға толы. Университетте 20-дан астам ұлт өкілдері білім алуа. Осының әрқайсының тұрмысы, салт-дәстүрі, мәдениеті ұлықталған. Орталық патриоттік тәрбие бұрышымен аяқталады.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті ертеніне нық сеніммен қарайды. Ол — еліміздің үшінші жаңғыруы мен төртінші өнеркәсіптік революция міндеттерін жүзеге асыруға жұмылған ұжым. Бәсекелік қабілеті жоғары аграрлық экономика мен білім — келешек кепілі.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҚазҰАУ «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының жетекшісі, ҰҒА академигі

Бесінші міндетте заманауи технологиялардың, сондай-ақ адами капиталдың білім берумен байланыста қарастырылуы әсте кездейсоқтық емес. Жолдаудағы «...Аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау керек. Олар диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы кешенінде нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын мамандарды дайындауға тиіс» деген жолдар болашақта интеллектуалды ауыл-селоның негізгі қаланатынын болжайды.

Еліміздің интеллектуалды ауыл-селосын қалыптастыруға Қазақ ұлттық аграрлық университеті ғасырға жуық уақыттан бері үлес қосып келеді. Осынау абыройлы істің дүниеге келіп, өсіп-өркендеуіне әр жылдары М.Әуезов, О. Жандосов, Х.Арыстанбеков, Ф.Мұхамедғалиев, К.Сағадиев, Н.Базанова, М.Қозыбаев



жүргізілуде. Жинақталған тәжірибе 4 том көлемінде жарыққа шықты. Алғашқы нәтижелер де бар. Азия банкінің қолдауымен Су хабы ашылды. Жаңа технологияларды

Еуропа және Орталық Азия QS рейтингі бойынша ҚазҰАУ 200 ЖОО арасында 77-ші орынға жайғасқан. Білім алушылардың бәсекелік қабілетін заманауи биікке көтеруде

шала екі мекеме бірлесіп, «Рухани жаңғыру: жастар көзқарасы» тақырыбына халықаралық ғылыми конференция өткізді.

Елбасы кітаптарына білім алушы жастардың зор қызығушылығы барын байқаған университет басшылығы мамандармен, ұстаздар қауымымен, белсенді студенттермен ақылдаса келе, Назарбаев білім және ғылым орталығын ұйымдастыруды жөн санады. Бұл шараның тұжырымдамасын түзу 2017 жылдың күзінде О. Сүлейменов атындағы әлеуметтік-гуманитарлық білім беру және тәрбие институты жанынан құрылған «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығына жүктелді. Жауапты да күрделі тапсырманы орындау барысында Астана мен Алматыда, Шамалған мен Қаскеленде орналасқан музейлермен, мектептермен, архивтермен тығыз байланыс орнатылды, кездесулер мен пікір алмасулар өтті. Жәдігерлер мен құжаттар жинау жүзеге асты. Бірнеше рет дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Диқан

Алматы облысының Райымбек ауданындағы Талғат Нүсіпқожаев басқаратын «Өрнек» шаруа қожалығына Голландиядан 290 тонна таза элиталық картоп тұқымы жеткізілді. Бұл облыс әкімі Амандық Баталовтың «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында облыс бюджетінен 132 миллион теңге қаражат бөліріп, Нарынқол өңіріндегі Талғат Нүсіпқожаев бастаған 2 картоп өсіретін кооперативке қолдау көрсеткенінің жемісі.

Райымбек ауданының әкімі Жолан Омаров «Біздің мақсатымыз — бір кездегі атак-данқы дәуірлеген Нарынқолдың картобын қайта қалпына келтіру, жандандыру, өзегіне нәр, тамырына қан жіберу. Мен ауданға әкім болып тағайындалған күннен бастап осы мәселемен айналысып келемін. Өңірдегі фермерлерге

қолдау көрсетіп отырған облыс басшысына алғысымыз шексіз! Жыл басынан бері бірнеше шетелдік инвестормен келісімшарт жасастық. Осы орайда, картоп өңдейтін зауыт салуға да уәделестік. Оның бәрі жүзеге асып жатса, Нарынқолда жаңа жұмыс орны ашылып, жағдайымыз жақсара түседі», — дейді.

Биыл аудан бойынша 5650 гектар жерге картоптың берекелі тұқымы отырғызылады. Бұл істің басында Талғат Нүсіпқожаев бастаған нарынқолдық азаматтар тұр.

Райымбек аудандық мәслихатының депутаты, ауданның Құрметті азаматы, «Өрнек» шаруа қожалығының жетекшісі Т.Нүсіпқожаев «Облыс басшысының көмегімен шаруашылығымызға Голландиядан келген «Санте», «Агрия» деп аталатын картоптың таза элиталық тұқымын 50 гектар жерге отырғызбақпын. Қалғаны картоп өсіру бағытында құрылған басқа кооперативке берілмек. Сондай-ақ облыс басшысы картоп отырғызатын, өнім жинайтын, жерді құнарландыратын техника сатып алуға тағы да 500 миллион теңге қаражат бөліретін болды.

ортақтасқан диқандар Талғаттың қарамағындағы картоп отырғызуға, тынайтықшыпен әрлендіруге,

өзбекстандық, қырғызстандық ағайындарға картоп тұқымымен көмектесіп, қолдау



КАРТОП ӨСІРІЛЕДІ



Тиісті құжаттары жасалуда», — дейді.

Талғат басқаратын шаруа қожалығы 1990 жылдан бастап картоп өсірумен тұрақты айналысып келеді. Аталған қожалық картоптың неше түрлі элиталық тұқымын өсірді. Көсегесін көгертті. Қожалықтың картоп тұқымына арналған арнайы зертханасы да жұмыс істейді. Осы күні қуанышқа

картоп өнімін жинауға арналған түрлі техникаларды, шетелдік қуатты тракторларды көріп, тамашалады. Картоп қоймасын көріп, ондағы картоп тұқымын сорттауға, тиеуге арналған техникалардың жұмысын көрді. Мұнда қазір 35 адам жұмыс істеуде. Қожалық бойынша 200 гектар жерге картоптың берері көп берекелі тұқымы отырғызылады. Оның дені сонау Голландиядан келген сарғыш түсті «Санте», «Агрия» тұқымдары болмақ.

Голландиядан келген таза элиталық картоп тұқымын 4 жыл бойы отырғызып, өнім алуға болады. Облыстың құрметті азаматы, ақсақал Кеңесбай Байқанов «Бір кезде біз мың гектарға дейін сапалы картоп өсірдік. Картоптың әр гектарынан орта есеппен 140 центнерден өнім жинадық, жекелеген картоп өсірушілер әр жүз гектардан 250-350 центнерге дейін өнім алды. Астықтың әр гектарынан 60 центнерге дейін дән жиналып еді. Ол күндер ұмытылмайды. Тіпті

көрсетуші едік», — дейді өткенді сағына еске алып.

Өткен жылдың ауанында Нарынқол өңірінен картоп өсіру бағытындағы 2 кооператив құрылған. Олардың жұмысы жаман емес. Осынау айтулы күні сол диқандардың бәрі аудан әкімінің жанында болды. Талғаттың қуанышына ортақтасты. Біз Сүмбе ауылынан келген Елжан Бестібаевтың, Нарынқол ауылынан келген Бауыржан Талқыбаевтың, Тегістік ауылынан келген Марат Себдайырдың, Текес ауылынан келген Мұрат Малдыбаевтың, Ерсайын Сатылғанов пен Руслан Ретайдың атына жылы лебіз білдіргенді күн көрдік. Бұл жұмыстардың көш басында Талғат Нүсіпқожаев бастаған «Әйгілі Нарынқолдың картобын қайтадан халықтық брендке айналдыратын боламыз», — деген жігіттер тұр.

Қанат БІРЖАНСАЛ,
Алматы облысы



Кәсіп түбі – нәсіп

Соңғы жылдары байқасаңыз, бизнеске баулитын, психологиялық кеңес беретін, бөлгілі бір кәсіпті меңгертетін, отбасы құндылықтарын дәріптеп, түрлі желілік маркетингтерді, тұрмыста тұтынатын бұйымдарды насихаттайтын семинар-тренингтердің, жобалардың қатары көбейді. Бүгінде хат-хабар алмасып, ой бөлісіп, сурет пен бейне жүктеуден бөлек, жарнама құралына айналған әлеуметтік желілердегі түрлі шараларға шақырудан, үгіт-насихаттан көз сүрінбеді. Бұл – қазіргі заманның, нарықтың талабы. Мұндай мазмұндағы сан солалы семинар-тренингтер мен жаңа жобалардың таныстырылымын өткізуге жеке кәсіпкерлер, түрлі ұйымдар, компаниялармен қатар мемлекеттік мекемелер де машықтанды. Әлемнің дамыған елдерінде кең етек жайған кәсіпкерліктің қарқынын біздің елге жеткізуге бағытталған бастамалар жүзеге асты. Мәселен, осыдан 2 жыл бұрын өлкемізде кәсіпкерліктің көкіжиегін кеңейтіп, бизнестің бойына қан жүгіртіп отырған «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Бастау бизнес» жобасын қолға алған-ды. Ендеше, түбегей кәсіпкерліктің тынысын ашқан жобаның деректері мен дейектерін сарапай көрелік.

БИЗНЕСТІҢ БЕРЕКЕЛІ БАСПАЛДАҒЫ



«БАСТАУ БИЗНЕСТІҢ» БЕРЕРІ МОЛ

2016 жылы үкіметтің қаулысымен «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді. Осы мемлекеттік бағдарламаның «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағыты аясында кәсіпкерліктің қыр-сырына үйрететін «Бастау бизнес» жобасы іске қосылды.

«Атамекен» ҰКП өңірлік филиалының директоры Нұрбек Қарасаев «Республика көлемінде алғаш Маңғыстауда пилоттық жоба ретінде енгізілген «Бастау Бизнес» кешенді оқыту бағдарламасы осыдан 2 жыл бұрын басталды. 2016 жылдың 1 сәуірінен облыстың Жанаөзен қаласы мен Мұнайлы ауданында тегін оқу курсы жүргізілді. Оқудың ұзақтығы — 1 ай. Жаңа білімді игеруге аудандардың жұмыссыз тұрғындары, сондай-ақ кәсібін бастап кеткен кәсіпкерлер де тартылды. Мемлекеттік бағдарлама аясында кәсіпкерлік негіздері бойынша оқитын жоба қатысушыларына шәкіртақы төленеді. «Бастау Бизнесің» басқа бағдарламалардан ерекшелігі — қатысушыларға оқу курсынан өткендігі туралы сертификат беріп қана қоймай, өз кәсібін ашуға көмектеседі», — деді.

«Бастау Бизнес» бағдарламасына қатысушы, яғни кәсіпкерлік саласын меңгеруге ниет танытқан тұрғын ынтасының қандай деңгейде екенін көрсету үшін алдымен тәстілеуден өтеді. Содан кейін білікті бизнес-тренерлердің кәсіптік бағыт-бағдарын алып, теориялық және тәжірибелік білімді игереді. Оқу кезінде қатысушылар бизнес түрін таңдауды, бизнес-жоспар жасауды және түрлі қажетті құжаттарды рәсімдеуді, маркетингтік стратегияны дұрыс жүргізуді үйреніп, осы салаға қатысты заңдардан хабардар болады. Бизнес- жоспары сөтті қорғалған, комиссияның және қаржы институттарының шешімімен

мақұлданған жобаларға жылына 6% - бен 6,5 жылға 18 миллион тенгеге дейінгі көлемде шағын несие беріледі. Әрбір бизнес жоба іске қосылғаннан кейін «Атамекен» кәсіпкердің қызметін сүйемелдеп,

демеп отырады. «Атамекен» ҰКП өңірлік филиалының директоры Нұрбек Қарасайұлының айтуынша, тың идея түрлерін тауып, жаңа кәсіптің көзін ашқан қатысушыларға грант иелену мүмкіндігі бар. Бұл бағдарламаға қатысып, өз кәсібін бастайтын азаматтарға қойылатын жалғыз талап — жаңа жұмыс орнын ашу.

«Бастау Бизнес» пилоттық жоба түрінде басталған жылдағы алғашқы нәтижеге үнілсек, Жанаөзен қаласының 240 тұрғыны оқу курсынан өтіп, 45 млн теңгені құрайтын 12 жоба іске қосылған. Облыс орталығының іргесіндегі Мұнайлы ауданынан жобаға қатысқан 50-ге жуық тұрғынның 12-і 49 млн тенге көлеміндегі несиеге өз кәсібін бастаған.

«Атамекен» ҰКП өңірлік филиалы ұсынған мәлімет бойынша, өткен жылы «Бастау Бизнес» бойынша оқуға облыста 1170 тұрғын өтініш білдірсе, оның 946-ы алғашқы кезеңдегі тәстілеуден өткен. Бағдарлама бойынша 930 тұрғын оқу курсына келсе, оның 750-і 30 күндік оқуды аяқтаған. Жоба қорғауға жіберілген 386 қатысушының 353-і бұл сынақтан сүрінбей өтіпті. Нәтижесінде 151 кәсіп түрі қолға алынып, 193 жаңа жұмыс орны құрылды. Атап айтар болсак, Маңғыстау ауданында — 41, Бейнеуде де — 41, Мұнайлыда — 36, Қарақияда 33 тұрғын кәсіптің көзін тапқан. Салаларға бөліп қарасак, ауыл шаруашылығында — 98, қызмет көрсетуде — 43 және өндірістен 10 кәсіп түрі ашылған екен.

«Атамекен» ҰКП өңірлік филиалы бизнесті қаржылай емес қолдау бөлімінің басшысы Үміт Мендалиева «Бастау Бизнес»

етене танысып, елге кәсіпкерлікпен айналысу арманымен оралыпты. Кәсіпкер «Мен жоғары білім алып жүргенде гипстен, бетоннан, керамикадан түрлі мүсіндер жасайтын өндіріс орындарының қызметімен танысып, қызығушылығым оянды. Осыдан 8 жыл бұрын ынта-жігерім алға желеп тұрса да, бұл кәсіп түрін ашуға тәжірибем, теориялық білімім жоқ болды. Сондықтан қолыма дипломымды алғаннан кейін 3 жылдан астам уақыт теңізші болып еңбек еттім. Қазіргі заманауи нарыққа бейімделіп, арғанымдағы кәсіп түрін ашып, өз бетімше еңбектенуге бел будым. Сөйтіп, өткен жылдың жазында «Атамекен» ҰКП облыстық филиалына «Бастау Бизнес» бойынша оқуға өтініш білдірдім. Білікті, білімді ұстаздарымыз алға ұмтылуға, қаламылды нық басуға, сеніммен әрекет етуге үйретті», — деді.

Бизнеспен айналысуға бет бұрған Данияр осында жинаған теориялық білімін бизнес-жоспарға түсіріп, тәжірибе жүзінде іске асыру үшін қаржылай көмек сұрайды. Сөйтіп Құрық ауылында гипстен жасалған мүсін цехын ашу үшін мемлекеттен 2,5 млн теңгені 4 пайызбен 3 жылға алады. Алғашында өз үйінің сарайында, кейін жанадан салып жатқан үйінің ішінде жұмыс жасаған кәсіпкер бүгінде ауылдағы әлеуметтік нысандардың бірінде бөлмелерді жалға алып отыр. Кәсіпкер мемлекеттен алған қаржысына гипстен мүсін жасау үшін берілетін әдістемелік құралды, қажетті жабдықтарды Ресейден әкеліпті.

Ол бұл кәсіпті бастау үшін жан-жақты ізденіпті. Еселі еңбек етпей табысқа қол жеткізу мүмкін емес. Достары мен ата-анасы, бауырлары қолғабыс етті. Кәсіпкер «Өткен жылдың өз кәсібіме қараша айында кірісіп, мүсіндерді ең қиынынан, күрделісінен бастадык. Сыйлыққа беретін, тойларда ұсынылатын түрлі мүсіндер пен қадесыйларды жасап көрдік. Осындай бұйымдар сататын Актау қаласындағы бірнеше сауда нүктелеріне барғанда олар менімен жұмыс жасаудан бас тартты. Себебі олар шет мемлекеттерден бұйымдарды арзан бағамен алады. Актаудағы ірі сауда үйлерінде дүңгіршіктері бар «Каспиан маркет» компаниясы серіктестікте жұмыс жасау туралы ұсынысымды қабыл алды. Сонымен қатар Құрық пен Жанаөзендегі дүкендерге де өткіземін. Бүгінде мультфильмдегі түрлі кейіпкерлермен қатар,



қыран құстар мен дала және үй жануарларының мүсінін жасауды қолға алдық. Енді біздің туындыларымызды үйдің ішін ғана емес, көшені, ауланы сәндеу үшін де қолдануға болады. Менің мүсіндерімнің ішіндегі ең ерекшесі — «Рухани жаңғырудың» символына айналған қыран құс. Құрық — менің ата-анамның туып-өскен ауылы. Еркіндік белгісі саналатын құстардың мүсінін осындағы балабақшаларға тарту етемін», — деді.

Оның айтуынша, бүгінде гипстен жасалған мүсіндердің бағасы 1500-2000 теңгеден сатылып жатыр. Тойларда берілетін киіз үй, сәукеле сынды қадесыйлар 400 теңге тұрады. Кәсіпкер бүгінде Құрық ауылының 4 тұрғынын жұмыспен қамтып отыр.

Жас кәсіпкер өткен жылы «Ерсай Каспиан контрaктор» компаниясы ұйымдастырған байқауда 3 млн теңге грант ұтып алыпты. Бұл қаржыға сапалы, озық үлгідегі құрал-жабдықтар сатып алып, материалдық-техникалық жағдайын жөндепті.

— Бүгінде 11 түрлі қалыппен жұмыс істеп жатырмыз. Алдағы уақытта мүсінінің түрі мен қалыбын 30-ға жеткізуге еңбектенеміз. Облыстың орталығынан өз дүңгіршегімді ашқым келеді. Мен ойлаған арман мен көздеген мақсат еңбектенген сайын орындалып келеді. Жас болсам да қолтығымнан демеп, сағымды сындырмай, сенім мен жігер берген «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасына алғысым шексіз. Өз жолымды таптым деп санаймын. Барша жастарды жаңы қалаған кәсіп түрімен айналысуға шақырамын. Еліміздің болашағын бірге жасау үшін іргетасын мықты қалауымыз керек», — деді Данияр Мұрзабеков.

Заманауи нарыққа бейімделген, бизнесті басқаруға және ұйымдастыруға қабілетті жас кәсіпкердің өзіне деген талабы мен сенімділігіне сүйсініп, жаңа ісіне сәттілік тіледік.

Өндіріс

Күнделікті тұрмыста тұтынудан қалған түрлі (тамақ, қағаз, пластик және тағы басқалары) қалдықтарды бір қалтаға салып, қоқыс жәшігіне тастап кете барамыз. Қоқыс жәшігінің ішіне тасталса бір сәрі. Таяқ тастам жерге апаруға ерініп, далаға қойып кететіндерді қайтерсіз?! Бұл – күнбе күн көз алдымызда қайталанып жатқан тірлік. Ауылда ше?

Қолында малы бар ауылдағы ағайын тысқа төгілетін қалдықтарды бөліп, жуындыны малға деп, қалған-құтқанын коқысқа тастайды. Кейбірі кішігірім істі атқаруға, тұрмыстық қалдықты тиісті жәшікке төгуге қиынсынады. Тазалық сақтау мәдениетіміздің деңгейін алысқа ұзамай-ақ айналымызды бір шолып шығып, байқауға болады. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының

ҚОҚЫС ӨҢДЕУ – «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» ҚАДАМ



мәліметінше, аймақта өткен жылы 127 875 тонна тұрмыстық қатты қалдық полигондарға жеткізілсе, оның 17 595 тоннасы ғана қайта өңделген екен. Бүгінде ауылдың ажарын аздырып, шаһардың шырайын бұзып, көшенің көркін кетіріп қана қоймай, экологиямызға залал, адам өміріне қауіп төндіретін қалдықтарды өңдеу мәселесі Маңғыстау өнірінде де өзекті.

Иә, адамзат баласының алдындағы көкейкесті мәселенің бірі – қатты тұрмыстық қалдықтарды жою, сұрыптау, қайта өңдеу мен көдеге жарату. Еліміздің «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасына сәйкес, 2050 жылға қарай қатты тұрмыстық қалдықтарды 50 пайызға дейін өңдеуге қол жеткізуіміз керек. Бұл бағытта біздің өңірімізде қандай жұмыстар жасалып жатыр? Осы сауалға жауап ізлеп көрелік.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Дүйсен Құсбековтің айтуынша, өңірде тұрмыстық қатты қалдықтарды игеруге халықтың тығыздығының төмендігі, елді мекендердің бір-бірінен және облыс орталығынан қашықтығы, тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдейтін технологияның жолға қойылмауы

«Жасыл» технологияларға инвестиция салу үшін бизнесті ынталандыру маңызды. Өңірлердің өкімдері шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тартып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай утилизациялау және қайта өңдеу үшін шаралар қабылдау керек»

(Президент Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүкіндіктері» Жолдауынан)

келергі болып отыр. «Қазіргі уақытта қалдықтарды игеру — дамушы елдерде басты мәселе. Дамыған мемлекеттерде қатты қалдықтар түріне қарай бөлек жиналып, қайта өңделіп, көдеге жаратылады. Маңғыстау облысындағы халықтың 89,9%-ы санитарлық талаптарға сәйкес полигондар бар ірі елді мекендерде қоныстанған. Өңірде тұрмыстық қатты қалдықтарды сақтаудың негізгі орындары — көму полигондары. Қалдықтар ауылдарда арнайы белгіленген орындарда жинақталады. Тұтыну қалдықтарын көму полигондары Актау, Жанаөзен, Форт-Шевченко қалаларында, Бейнеу, Құрық, Жетібай, Шетпе ауылдарында және Қаламқас кен орындарында орналасқан», — деді ол.

Біздің облысымызда тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу ісімен Жанаөзен қаласында 3 жылдан астам уақыт бұрын ашылған тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеу және көму комбинаты ғана айналысады.

Мұнайшылар қаласының солтүстік-батыс беткейінде орналасқан комбинаттың жылдық қуаты 50 мың тоннаны немесе 300 мың текше метрді құрайды. Мұнда күніне Жанаөзен қаласынан, Тенге, Қызылсай, Рахат ауылдарынан және Қаракия ауданына қарасты Құланды ауылынан жиналған 120-150 тонна қалдық жеткізіледі. Өткен жылы мұнайшылар қаласынан шығатын тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі күніне 110 тонна шамасында болыпты. Өндіріс орнындағы құрал-жабдықтар мен жұмысшылардың күшімен қалдықтар сұрыпталып, іріктеліп, 7 түрге бөлінеді. Мәселен,

пластик құтылар, пакеттер, маталар, қағаздар, шөлмектер, консерві қалбыры және тетрапакеттер болып бөлінеді.

Сәрсенбай Тасболатұлы «Біз пластик құтылар мен макулатураны престеп, дайындап қоямыз. Шамамен айына әрқайсысынан 15 тоннадай шығады. Бұл шикізат көздеріне кәсіпкерлерден сұраныс жоғары. Жан-жақтан кәсіпкерлер келіп, қайта өңдеу үшін сатып алып кетеді. Пластиктер мен пакеттерді жергілікті өнімдермен қайта өңдеп, құрылысқа қажетті қырлы кеспе (*брусчатка*), жиектас (*бордюр*), жабынқыш (*үйдің төбесін жабатын жуқа қыш*) шығарамыз. Айына 250 шаршы метр көлемінде шығаратын бұл өнімдерімізді құрылыс материалдарын сататын кәсіпкерлер алады.

Бүгінде өнімдер қала көшелерінің, аялдамалардың безендірілуіне жиі қолданылып жүр. Қалған қалдық түрлерін де өңдеу үшін Алматы қаласынан сұраныс болғанымен, кәсіпкерлер үшін тасымалдау бағасы қымбатқа түседі», — деді.

Оның айтуынша, бүгінде келісімшарт бойынша Жанаөзен қаласының басындағы 44 мекеме тұрмыстық қатты қалдықтарын

ҚОҚЫС ӨҢДЕУ – «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА» ҚАДАМ



осы комбинатқа жөнелтеді. Өткен жылы бұл өндіріс орнына 44 мың тонна қалдық жеткізіліп, оның 17%-ы қайта өңделсе, қалған бөлігі өндіріс орнының жанындағы полигонға көмілген. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында 9 мың 400 тонна қалдық әкелінсе, оның 10%-ы қайта өңделген. Естеріңізде болса, Алматы қаласында жыл басында өткен бизнес форумда Қазақстанның экологиялық ұйымдары басқармасының басшысы Айгүл Соловьева елімізде бүгінде қалдықтардың 5 пайызының ғана өңделетінін хабарлады. Мамандар үйлердің жанына әртүрлі секциялары бар қоқыс жәшіктерін орнатуды, тұрғындар алдын ала үйінен бөліп алып шыққан қоқыстарды бөліп салу туралы ұсыныс білдірді.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы №212 Экологиялық кодексінің 324-бабында 2019 жылдан бастап пластмасса, пластика, полиэтилен қалдықтары және полиэтилентерефталат орамасы, макулатура, картон және қағаз қалдықтары және шыны сынықтарын полигондардың қабылдауына тыйым салынады делінген.

Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының тұрмыстық қатты қалдықтарды көдеге жарату

Бетті дайындаған Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ, Маңғыстау облысы

Алаяқтың айнасы

Бір миллион теңгеге «ғажайып қазан» сатып алсаңыз, тамақты майсыз қуырасыз. Бұл – әккі саудагерлердің тауарын өткізу үшін жасап жүрген айнасы. Ал сіз сұйық майды үнемдеу үшін бір миллион теңге жұмсауға дайынсыз ба?

Айлакерге алданып қалған отандастарымыз баршылық. Атын, жүзін көрсетпеді өтінген Талдықорған қаласының тұрғыны алаяқтардың арбауына түсіп, енді туыстарына қарайтын бөті жоқ. Ол мамыр айында аспаздық шеберлігін шыңдау үшін арнайы шеберлік дәрісіне қатысқан. Бірақ ол жерден ас әзірлеудің қыр-сырын білудің орнына, қарызға бөлшеден батып шыққан көрінеді.

Ол өзінің қалай алданғанын айтып берді. Бір ай бұрын Евгенияға (*аты-жөні өзгертілген*) хат келеді. Ішінде екі адамға арналған шақыру билеті бар. Өте әдемі безендірілген. 10 мың теңгелік купон қыстырылған. Сол купонның үстінде қызылмен «төленді» деген мөр тұрады. Сондай-ақ билетте тамақты қалай дұрыс әзірлеу, қалай дұрыс тамақтану керектігі туралы ақпарат та болған. Евгения мұндай шақырудан бас тартуды жөн көрмейтті.

Белгіленген күні аталған шоу Талдықорғандағы ең «күшті» деген мейрамхананың бірінде өтеді. Бас-аяғы 20 шақты адам аспаздардың өнерін көруге жиналыпты. Көбі зейнеткерлер. Бір қызығы, шеберлік дәрісімен басталған жиын кәдімгі қазан жарнамалаумен жалғасты. Аспаздар етті майсыз қуырады. 10 минутта бәліш пісіріп, жиналғандарды таң қалдырған.

Мұндай «ғажайып қазанның» бағасы да арзан емес. Бақандай 980 мың теңге тұрады. Бірақ ауыздыға сөз бермейтін әккі менеджерлер Евгенияның іші-бауырына кіріп, 50 пайыз жеңілдікпен екі қазан сатып алуға көндіріпті. 400 мың теңгеге ыдыс-аяқ сатып алған келіншек үйге келгенде бір-ақ есін жиыпты. Сосын келісімшартта көрсетілген нөмірге қоңырау шалып, тауарды кері қайтаруға тырысады. Бірақ менеджерлер «басшылар жоқ, он күннен кейін хабарласыңыз» деп тұтқаны тастай салған.

Ғажайып қазан сататын компанияға біз де барып көрдік. Бірақ есікті ашқан азамат «қазан саудасына қатысым жоқ» деп қысқа қайырды. Ол «басқа компанияның қызметкерімін» деп есікті тартс жапты.

Қазан аламын деп қарызға батқан жалғыз Евгения емес екен. Әлгі фирманың кеңсесінде тағы бір келіншекті жолықтырдық. Алматы қаласында тұратын Наталья да несие алып, қымбат ыдыс-аяққа ұрынып қалғанын айтады. Ол «Өте қымбат ыдыс. Мені гипноздап тастағандай болды. 383 000 теңгеге қайдағы ыдыс? Егер де келісімшартты бұзатын болсаңыз, ақшанызды қайтармаймыз деп қорқытты» дейді. Бірақ тұтынушыларды тақырға отырғызған компания өкілдері бұл іске тілшілердің араласқанын сезіп, сабасына түсе бастапты. Тіпті қос келіншекпен жасасқан келісімшартты бұзып, оларға ақшасын қайтарып берген.

Алаяқтардың арбауына түсіп қалғандардың бірі — алматылық Наталья әжей. 90 жастағы зейнеткер пластик терезенізді тым арзанға жөндеп береміз деген жігіттердің сөзіне сеніп, бар ақшасынан айырылған. Әжей де зейнетақысынан жырып жинап жүрген қаржысын танымайтын біреулерге қалай бере салғанын өзі де түсіне алмай отыр. Зейнеткер «Қоңырау соғылды. Дауысы жағымды бір қыз хабарласып, қайырымдылық науқанын өткізіп жатырмыз» деді. Оған тек зейнеткерлер

Тізе берсен, мұндай оқиға көп. Тіпті үй-үйді аралап, су тазалайтын сүзгі мен шансорғыш сатып жүргендер де бар. Бағасы тым қымбат. Қолма-қол ақшан болмаса, несиеге береміз деп қызықтырады. Мамандардың пікірінше, олар көбінесе үй шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлерді жағалайды. Психотерапевт Жібек Жолдасова «Алаяқтардың арбауына кез келген адам түсіп қалуы мүмкін. Әсіресе, сенгіш жандар. Зейнет жасындағы кісілер де алданып қалады. Өйткені олардың, қолдары бос,



ЖАУНАРДАН ДА ҚЫМБАТ ҚАЗАН

қатыса алады екен. Пластик терезелерді тексеріп, қажет болса, арзанға жасап беруге уәде береді. «Жоқ» деп жауап бергенінше телефон тұтқасын қоя салған. Арادا бір сағат өтпестен үйіне екі ер адам келеді. Келген жігіттер терезені қарап «тез арада резенкесін ауыстыру керек» депті. Бәрін есептей келе, жұмысты 85 мың теңгеге бағалайды. Зейнеткер әрі еңбек ардагері екенін ескеріп, 10 пайыз жеңілдік жасайды. Олардан тезірек

құтылу үшін 55 мың теңгесін санап берген. Наталья әжей терезесін жөндеткен фирмаға хабарласыпты. Бірақ ондағылар ешқандай науқанның болмағанын айтқан. Бізге мән-жайды түсіндірген компания өкілдері «Керісінше, бәзбіреулер біздің атымызды жамылып, жұртты алдап жүр» деп жауап береді. Өйткені соңғы кездері қоңырау шалып,

шағымданатындар қатары көбейе түскен. Сату бөлімінің менеджері Екатерина Шакированың айтуынша, соңғы кезде шағымданып хабарласатындар көбейген. Басым бөлігі зейнеткерлер. Компания өкілі ешкімге хабарласып, қызмет ұсынбайтындарын айтады.

көп нәрсе қызықтырады. Зейнеткерлердің аздап болса да жиған-терген ақшасы бар екенін жақсы біледі», — дейді. Ең қызығы, қалтаңызды қағып кететін күмәнді компаниялардың қызметкерлері ешқашан жауапкершілікке тартылмайды. Өйткені олар тұтынушыларды алдап-арбау арқылы келісімшартқа қол қойғызып алады. Сондықтан тұтынушылар құқығын қорғау ұйымының өкілдері кімнің алаяқ, кімнің таза кәсіппен айналысып жүргенін анықтаудың бірнеше жолы бар дейді. Ол үшін өз тауарын жарнамалап жүргендерден құжат талап ету керек. «Адал» тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдық бірлестігінің президенті Артық Сейіткалиева бірінші кезекте кәсіпкерлерден патент, ЖШС болса, әділет департаментінің анықтамасын сұрау керек деген кеңес береді. Ол куәлікте мөр тұру керек. Немесе нотариуста тіркелуі тиіс. Ондай құжаты болмаса, күмәнді қызмет не тауардан бас тартқан абзал.

ТҮЙІН

«Науқан жүріп жатыр», «бәрі тегін», «50 пайыз жеңілдік». Ұялы маркетингпен айналысатындар осылай деп арбайды. Өйткені құлаққа жағымды естілетін бұл сөздер арқылы аңғал мен аңқауларды қармаққа тез түсіруге болады. Мұны мамандар «маркетингтік қысым» деп те атайды. Адам психологиясын мықты менгерген менеджерлер өз өнімдерін өткізу үшін түрлі тәсілдерге барады. Бірақ оған шектеу қоятын бізде заң жоқ. Сондықтан сауда жасаймын деп сан соғып қалмас үшін, үйіңізге кім-көрінгенді кіргізбегеніңіз абзал.

Дана НАСЫРҚЫЗЫ,
журналист

ҚЫЛМЫС

Түйе ұрласаң да, түйме ұрласаң да қылмыс. Бірақ қазір түйені де, түймені де ұрлаудың сан қилы амалы пайда болған. Мәселен, Қостанай облысында ауыл шаруашылығы басқармасының маманы жанар-жағармайдың 8 млн теңгелік талонын жымқырып, істі болып жатыр.

Қостанай қалалық №2 сотына облыстық әкімдіктің ауыл шаруашылығы басқармасының қаржы, жоспарлау және мемлекеттік сатып алулар бөлімінің басшысына қатысты қылмыстық іс түскен. Қаржы бөлімінің менгерушісіне сеніп тапсырылған бөтеннің

Іс материалдарынан белгілі болғандай, ол 2012 жылдың тамызы мен 2018 жылдың 1



мүлкін аса ірі көлемде талан-таражға салып, иемденіп кеткен және қызмет бабында жалған құжат жасаған деген айып тағылып отыр.

қаңтары аралығында АИ 92 маркалы жанармайдың 56 186 литрін сатып алуға арналған талонды (*8 1680833 теңге*) қалтаға басқан.

Қостанайда бір шенеунік бөзін талонын ұрлап қылмысқа шатылса, Қызылжарда бір азамат мемлекеттік қызметкерге «Рафаэло» тәттісін сыйлаймын деп, басы бөлеге қалған. Енді ол мемлекетке жарты миллион теңге айыппұл төлеуі тиіс.

Мемлекеттік кіріс департаменті ақпан айында азық-түлік дүкенінің иесіне алкогольдік ішімдікті сатуға бір айға тыйым салған. Ол «ветоның» мерзімі халықаралық



Тәтті сыйлықтың ащы жазасы

әйелдер күні қарсаңында аяқталады. 7 наурыз күні жеке кәсіпкер лицензияны қайта алуға барған кезде, салық қызметкеріне көмпит ала барыпты. Әлгі азамат бұл әрекетін пара ретінде емес, шын көңілмен жасағанын айтады. Алайда өз ісіне өте адал әйел қызметкер кәсіпкердің сыйлығынан бас тартып, оны

жемқорлыққа қарсы күрес департаментіне тапсырған. Сөйтіп тәтті берген жігіттің атына әкімшілік хаттама толтырылып, іс сотқа жетіпті. Сот дүкен иесінің әрекетін заңсыз деп шешіп, оны 481 мың теңге айыппұл төлеуге міндеттеген.

Айта кету керек, осы оқиғаға ұқсас жемқорлыққа қатысты қылмыстық іс соңғы екі жылда тіркелмепті.

www.jasqazaq.kz

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

Көкейкесті

Ақмола облысында өз-өзіне қол салғандар бөлек жерленіп

жатыр. Бірнеше айдан бері бұл мәселе қызу талқылануда. Бірі мұны шарифатқа қайшы, ондай талап жоқ деп уәж айтып, жергілікті имамдардың ісін заңсыздыққа балайды. Діни тұрғыдан да, адами тұрғыдан да. Белгілі болғандай, мұндай үрдіс алғаш 2010 жылы басталған. Ақмола облысында өз өмірін қиған қыздың қабірі бөлек қазылды. Кейін бұл жаппай сипат алып, осы төңіректегі бірнеше ауыл осы заңдылықты ұстанған.

Мұндай үрдіс қаншалықты мұсылманшылыққа жатады? Көкшенің баурайындағы Красный Яр 13 мың тұрғыны бар шағын ауыл. «Жүз рет естігенше, бір рет көрген артық» деп арнайы іздеп келген едік. Бөлек қорым елді мекеннен 15 минуттық жерде екен. Көп емес, он шақты адам жерленген. Халық айтса, қалып айтпайды. Бір көргенде өз көзімізге өзіміз сенбедік. Тіпті бойынды қорқыныш билейді. Бірақ жергілікті имамдар шынымен де өз-өзіне қол салғандарды бөлек жерлеген. Марқұмдардың дені жастар. Асылып қалғандар мен дәрі ішіп көз жұмғандар. Көбі асылғандар. Алыста, бөлек қорымда жатқан марқұмдарды алалау сияқты сезілді бізге. Алайда жергілікті мешіттің бас имамы Науан Мұталов «Бойжеткенге әкесі тәрбиелік максатта сөз айтса, көтере алмай көзі аларып шығады екен. Ауыр сөзге шыламай, өз-өзіне қол жұмсайтынын айтыпты. Сол кезде әкесі осы зираттың басына алып келіп «Өзіне-өзі қол жұмасаңдар осылай ешкімге керексіз болып қалады, бөлек жерленеді» депті. Сол сәтте ұлы мен қызы қорыққандарынан жылап жіберіпті» деген әңгіме айтты.

БӨЛЕК ЖЕРЛЕУДІҢ



СЕБЕБІ НЕ?

Түсінгеніміздей, имамдардың бұл бастамасы өзгені оғаш қылықтан тою, күнадан сақтау, һәм тәрбиелік мәнде қалға алынды. Олардың айтуынша, осыдан жеті жыл бұрын өңірде өзіне қол салу фактісі жиілеген. Түйткілді шешудің түрлі жолын іздеп, ауыл ақсақалдары осындай қорытындыға келіпті. Алайда адасқанды ақылға шақырудың мұндай әдісіне өлі көңгенімен, тірі көне ме? Жаныны суицидке барған тұрғындардың бірін сөзге тарттық.

Көкшетау қаласының тұрғыны Серік Ақышев туған інісін екі жыл бұрын осы қорымда қойыпты. «Отыз жасында қайтты. 1985 жылы өмірге келген еді. 3 жыл өтті» деп мұнайды. Атпалдай азамат болғанда бауыры белгісіз себептермен суицидке барған. Жанындары оны жанадан салынып жатқан үйдің ішінде асылып тұрған жерінен тапқан. Кейіннен, ауылдағы үрдіс бойынша өзгелерден бөлек жерленді. Жанға қатты батты дейді. Бірақ қарсылық танытпапты. Серік «Имамдар айтқан соң, өзімнің артында бала-шағам болғаннан кейін, одан кейін халық көрсін дедік. Бөлек жерлегенін анам білмеді. Әйелдер бармайды ғой зират басына. Бейіт басынан қайтқан соң, бауырымның бөлек жерлегенін айттым», — деді.

Имамдардың сөзіне қарағанда, бөлек жерлеу үрдісі бұрыннан бар дүние. Мұны кейбір ақын-жазушылардың өлең шумақтарынан да байқауға болады. Абай Құнанбаевтың әлгі «Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап-шыным» деген өлең жолдары есіңізде ме? Яки, Аллаға серік қосушылар мен діндегі талапқа қарсы келгендерді дәл осындай жолмен жазалау мұсылман әлемінде бар заңдылық сияқты. Тәрбиенің мұндай тәсілі христиан әлемінде де болған деседі. Алайда бұл дін өкілдері қазір мұндай үрдістен алшақтаған. Олардың айтуларында, гуманизмге жатпайтын көрінеді.

Дмитрий Байдек, протоиерей: *«Бізде өз-өзіне қол жұмсаған жандарға бағыштап бірнеше жағдайда ғана дұға оқуға рұқсат беріледі. Егер ол адамның психикалық ауытқушылығы болса және ойланбастан, яки абайсыз ажал құшатын болса»* дейді.

Ал бізде ата-анасын өлтіргендер, қанішерлер, бүлікші мен қарақшыларға жаназа оқылмайды. Суицидке барғандарды жазалауға қатысты шарифат заңымен пәтуа шығару қиындау. Сол себепті, кей қоғам белсенділері мұны адами тұрғыда дұрыс емес санады.

Блогер Садық Шерімбек *«Егер шарифаттың заңын толық қабылдау керек десек, онда барып ұрлық жасаған адамның қолын шабайық. Бір-бірі үшін адал болмаған адамдарды таспен атайық. Сол үшін қазір имамдардың өз-өзіне қол салғандарды бөлек жерлеуі ол қоғамның радикалданып келе жатқандығы»* деген ойын айтты.

Дегенмен біздің елде дін саласына жауапты арнайы басқарма бар. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы. Олар Ақмола облысындағы мұндай жағдайдан еш ағаттық көріп тұрған жоқ. Осы басқарманың шарифат және пәтуа бөлімі менгерушісінің орынбасары Хасан Аманқұловтың айтуынша, «Қазақстанда өз-өзіне қол жұмса да, молдалар жаназасын оқып береді. Ал енді жерлеу жағы, ол бәрібір жерленеді. Саясат үшін мұның берері көп: өзгелерге сабақ болады, ғибрат болады — деген жақсы ниет. Бұларды көптен бөлек жерлеуге шарифат қарсы емес» деді. Х.Аманқұловтың айтуынша, шарифатта өз-өзіне қол жұмсағандарды жазалауға қатысты ешқандай талап жоқ. Бірақ дініміз адасқандарды сабырға шақырудың жолын іздеуге тыйым салмайды.

Бейсен НАРЫНБЕК,
Ақмола облысы



Біздің
сұхбат

Соңғы жылдары еліміздегі медицина саласының дамуы жақсы көрсеткіштерімен көзге түсуде. Әсіресе, бұрын дамыған елдерде ғана жасалатын ем-дом, ота қазір өз елімізде бар. Әр түрлі медициналық бағдарламалар қолға алынды. Мәселен, медициналық цифрландыру, 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасы, оның ішіндегі «Сақтандыру» – бәрі отандық медицина үшін жасалып жатқан жаңашыл реформа.

Біз осы аталған бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыстарды білу үшін, Алматы қалалық №7 клиникалық аурухананың бас дәрігері Манас Рамазановтан сұхбат алдық.



Кәсібіңе басымды ием!

Jas qazaq: Манас мырза, еліміздегі медицина саласының дамуы қай деңгейде? Ғылыми мен техникасы, медицинасы дамыған өркениетті елдермен салыстырып айтып беріңізші.

М.Рамазанов: Қазір медицина саласында жасалып жатқан бағдарламалар өте көп. Мәселен, Елбасының Жолдауында айтылған бағдарламалар еліміздің денсаулық сақтау саласын биікке көтеруге арналған жана бастама деуге болады. Сонымен бірге, денсаулық сақтау министрлігінің төрт жылға, яғни 2016-2019 жылдарға жоспарлаған «Денсаулық» бағдарламасы бар. 2019 жылдан бастап «Әлеуметтік медициналық сақтандыру» бағдарламасы қолға толықтай алынатын болады. Жалпы медицина саласында шешім күтіп тұрған мәселелер де бар. Бірақ жалпы дұрыс бағытта, дұрыс жолмен келе жатырмыз деп ойлаймын.

Мәселен, «Денсаулық» бағдарламасында 7 жоспар бар. Оның ішінде, медициналық сақтандыру, цифрландыру, адам ресурстарын дұрыс пайдалану, медицина ғылымын дамыту,

Манас РАМАЗАНОВ:

«ҚАҒАЗСЫЗ АУРУХАНАҒА»



дәрігерлердің әлеуметтік жағдайын жақсарту сияқты бірнеше жоспар құрылған. Ұсыныс бар. Соның бәрі ақырын-ақырын шешіледі деп ойлаймын. Кешенді бағдарламалардың аясында бірнеше кіші жоспарларымыз бар еді. Соның бәрі рет-ретімен жүріп жатыр деп айта аламын.

Салыстырмалы түрде айтсақ, еліміздің медицина саласындағы қазіргі даму мен жетістік көңіл қуантады. Көрші елдермен салыстырғанда, бірінші орында тұрмаса да, кейін қалып қойған жоқ.

Jas qazaq: «Денсаулық» бағдарламасында цифрландыру мәселесі қарастырылған. Медицина саласын цифрландырудың қандай артықшылықтары бар?

М.Рамазанов: Цифрландыру медицина саласын ғана емес, барлық саланы қамтып отырған жана бағдарлама. Қазір бүкіл әлем цифрландыруға көшкен. 1 шілдеден бастап Алматыдағы барлық медицина саласы осы цифрландыруға өтеді. Цифрландыру ең алдымен қағазбастылықтан құтқарады. Дәрігерлер науқасқа қарауға уақытын көбірек бөле алады. Сондай-ақ жемқорлық дерегі азаяр еді. Биыл қанша дәрі-дәрмек келді? Оның қаншасын пайдаландық? Қай ауруға қандай дәрі бердік, қандай вакцина салынды? Осының бәрі базада көрініп тұрады.

Jas qazaq: Өзіміз басқарып отырған аурухана да цифрландыруға көшіп жатқан шығар?

М.Рамазанов: Біздің №7 қалалық клиникалық ауруханасында медициналық құжаттарды қағазсыз жүргізуге көшу бойынша нақты жұмыс жүріп жатыр. 2018 жылдың 1 тамызынан бастап клиника электрондық құжат айналымына көшіп, «қағазсыз аурухана» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Қазіргі кезде №7 қалалық аурухана 100 пайыз компьютерлік техника, кеңсе техникасы, қажетті жылдамдықтағы ғаламтор желісімен жабдықталды. Жыл басынан аурухана бөлімшелерінде қосымша 184 дербес компьютер орнатылып, барлығының саны 420-дан асты. Жұмыстың сандық форматына көшу аясында

барлық мәлімет базасы біріншай ақпараттық жүйеге біріктіріледі. Бұл кең ауқымды жоба мемлекеттік «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде іске асырылып жатыр.

Бүгінгі таңда медицинаны цифрландыру – басты міндеттердің бірі. Ол заман талабына, азаматтардың сапалы медициналық қызмет көрсету туралы талаптарына сай қолға алынып отыр. Денсаулық сақтау саласын цифрландыруға көшіру Елбасының халыққа арнаған соңғы Жолдауында қойылған міндеттерінің бестігіне кіреді. Цифрландыру денсаулық сақтаудың тек нақты бір саласын дамыту үшін ғана емес, сонымен бірге экономикалық және қоғамдық алға ілгерілеуге қажетті шарт болып табылады. Цифрландыру көптеген үрдістерді, соның ішінде сандық технологияларды енгізуді жеделдете түседі. Цифрландыру арқылы



міндеттерді шешуі тиіс. Бұл тек Қазақстанның ішіндегі ғана емес, сонымен бірге өзге де дамушы елдердің мәселелерін шешуге арналған. Цифрландыру денсаулық сақтау саласын электрондық құжат айналымына көшіруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде қағаз, рентген бейнесіне арналған таспа, қағаз қыстырғыш, кенсе желімін қолдануға қатысты барлық шығындарды азайту мен үнемдеуге әкеледі.

«Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін орнықты дамытуда және тиімділігін арттыруда халық пен жұмыс берушілердің ынтымақтастығын дамыту мақсатында, сондай-ақ денсаулық сақтауға жұмсалатын мемлекеттік және жеке шығындардың өсуі салдарынан болатын қаржылық қатерлерді жою мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан өрі – МӨМС) жүйесі енгізіледі»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Бейнекорды реттейтін, ауру тарихын жинайтын қызметкерлердің жұмысын да жеңілдете түседі.

Ауру тарихын электронды форматта жүргізу диагноздарды қайта жазу мен өзгертуге жол бермейді. Цифрландыру қаржылық операцияларды толық бақылауды, дәрілік заттар мен жұмсалатын материалдардың түсуі, шығындалуы мен сақталуын толық қамтамасыз етеді. Яғни дәрілік препараттың әрбір ампуласы немесе таблетка науқасқа жетеді. Коррупциялық заңбұзушылықтар, көлеңкелі төлемдер болмайды. Әлбетте, мемлекеттік қызмет көрсету тізімі де кеңейе түседі. Бір сөзбен айтқанда, бәрі науқастың, қарапайым халықтың қамы үшін жасалады. Қазіргі уақытта біздің клиникада IT-мамандармен келіссөздер өтіп, мән-жайы келісіліп жатыр.

Jas qazaq: Ал осы цифрландыру жүйесі ауылдық жерлерде жүргізіле ме?

М.Рамазанов: Әрине, жүргізіледі. Қазір еліміздің бес аймағы: Қарағанды, Ақмола, Қостанай, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары цифрландыру жүйесіне көшті. Келер жылдың 1-ші қаңтарынан бастап еліміздің барлық аймағы

шығып жатыр. Компьютерлік томография, УДЗ пайдалану үшін біраз қаражат керек. Болашақта медициналық сақтандыру жүйесін бастасак, медицинаға бөлінетін қаржы көбейеді. Болжам бойынша, 2 жылдың ішінде енгізілетін болса, бөлінген қаржы 30-40 пайызға көбейеді. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан 1 триллион теңге тегін медициналық көмек алу үшін бөлінеді. Ал сақтандыру жүйесін енгізгеннен кейін, шамамен

АЙНАЛАМЫЗ

цифрландырылады. Қазір біздің ауруханада жаппай цифрландыру процесіне қызу дайындық жүріп жатыр.

Цифрландырудан кейін ауруханада барлық заманауи құрал-жабдық цифрлық технологиялармен жабдықталады. Операциялық араласу электронды цифрлық мазмұны бар компьютерлік томограф, нейронавигациялық құрал-жабдық арқылы орындалады. «Ақылды операция» деген ұғым бар. Цифрландыру аясында қымбат құрал-жабдықтары бар ауруханалардың түрлі бөлімдерінен келген мәліметті бір компьютерге түсіретін жүйе орнатылуы тиіс.

Қағазсыз құжат айналымына көшу аясында науқастар мен дәрігерлердің денсаулық төлқұжаттары мен жеке кабинеттері жасалады. Кабинеттен шықпай-ақ тексеру мен анализдің барлық мәліметі, ауру тарихы, екпе мен вакциналауға қатысты ақпаратты, аллергиялық реакция мен жасалған операция туралы дерекке қол жеткізіп, консилиум мен телемедициналық қашықтықтан басқарылатын кеңес өткізуге болады. Бұлардың барлығы цифрлық тасымалдағыштарда болады. Науқастарға құжаттарын, суреттерін өздерімен бірге алып жүру қажетсіз болып қалады. 2019 жылдан бастап Қазақстанның әр азаматының өз электронды денсаулық төлқұжаты болады.

Қазір қаламыздағы ересек адамдардың өмір жасының ұзарғаны да қуантады. Дүниеге келген сәбидің де көптігі де көңілге медеу. Шетелдерді алып қарасақ, медицинаны дамытуға 9 пайыздан астам қаржы бөледі. Ал бізде мемлекеттен бөлінетін қаржы – 2,8 пайыз. Оның 1,5

көнереді. Қазіргі УДЗ аппараты 3 жылда ескіріп кетеді. Қазіргі қабылданып жүрген дәрілердің атауы да 3 жылда өзгеріп кетеді.


Jas qazaq: Иә, осы дәрі-дәрмекке тоқтала кетсек. Сақтандыру бағдарламасында дәрі-дәрмекпен қамту мәселесі қалай?

М.Рамазанов: Дәрі-дәрмек қазіргі манызды мәселенің бірі дер едім. Былтырдан бастап қазірге дейін дәрі-дәрмек төңірегінде әлі де шешілмеген түйін көп. Бізде диспансерлік тіркеуде тұрған, созылмалы аурулармен ауыратын біраз науқас бар. Оларға мемлекеттік бюджеттен тегін дәрі бөлінеді. Қант диабеті болсын, қан қысымы жоғары адамдар болсын, жүрек созылмалы аурулары бар науқастар болсын, олардың бәріне дәрі тегін берілуі тиіс.

Jas qazaq: Елімізде адам ағзасын ауыстыруға байланысты көптеген түсініспеушілік болып жатады. Жалпы сіздің трансплантацияға қатысты пікіріңіз қалай?

М.Рамазанов: Көп жылдар бойы хирургия саласында жұмыс істедім. Ең алғаш бауырға жасалған отаға қатысқан болатынымын. Трансплантацияның 3 шарты бар. Біріншісі – заң, екіншісі- медициналық жағы. Үшіншісі, яғни ең қиыны – моральдық-этикалық мәселесі. Трансплантация дұрыс дамуы үшін донор мәселесін де ұмытпаған жөн. Отаға зәру адамдар көп. Діни басқарма мен басқа да дін өкілдерімен ағза ауыстыру туралы сөйлескен болатынымыз. Сөзге келгенде барлығы мақұл болады. Ал іске келгенде көбі қарсы шығады.

Трансплантация туралы заң бар. Медициналық жағынан маман да, құрал-жабдық та, біліктілігіміз де жеткілікті. Тек



пайызын біз өзіміздің қалтамыздан төлейміз. Қарап тұрсақ, мемлекет бөлген төрт теңгенің 2,5 пайызын мемлекет төлесе, 1,5 пайызын өзіміз төлейміз. Оның пропорциясы осындай. Мысалы, Шығыс Еуропа елдерін қарасақ, Польшаның өзінде медицинаға 9 пайыз қаржы бөлінеді. Қазір заманауи неше түрлі құрылғы

моральдық-этикалық жағынан түсіндіру жұмысы жүргізіліп жатыр. Қазірше туыстық қарым-қатынасы бар адамдар ғана донор болуда.

Сұхбаттасқан
Жарас КЕМЕЛЖАН

Денсаулық

Дұрыс тамақтану – адамның өмірлік қажеттілігі һәм денсаулық кепілі.

«Ас – адамның арқауы» дейді біздің дана халық. Ал дұрыс тамақтану жүрек-қантамыр, асқазан-ішек жолдары, қант диабеті, остеопороз, онкологиялық аурулардың алдын алуға, сыртқы ортаның әсеріне қарсы тұруға, ағзаның жұмысқа қабілеттілігін арттыру мен белсенді де ұзақ өмір сүру үшін қажет. Осы орайда дұрыс тамақтану мен асқазан ауруларының алдын алу туралы көкейде жүрген сауалдарға медицина ғылымының докторы, профессор, жоғары дәрежелі гепатолог, Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы медициналық орталығының бас гастроэнтерологы Бақытжан Бейімбетов жауап берді.

Jas qazaq: Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасында дұрыс тамақтану мәселесі айтылған. Сол құжатқа сәйкес, сіздердің емханаларыңызда қандай жұмыстар атқарылууда?

Бақытжан Бейімбетов: Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес, біздің ауруханада көптеген жұмыс жасалуда. Сонымен қатар әрбір науқастың дертіне байланысты жеке ем-дом тағайындалады. Ал жан сақтау бөлімінде жатқан, ауыр жағдайдағы науқастарға зонд арқылы тамақтандыру жолға қойылған. Емхана деңгейінде метаболикалық синдромға, семіздікке қарсы профилактикалық шаралар қолданылады. Ал InBody аппараты арқылы науқастың дене құрылысының құрамы (*май, бұлшық ет құрамдарын және минералды заттар мен метаболизм процесін*) анықталып, сол мәліметтерге байланысты диеталық кеңес беріледі.

Егер науқасқа «бариатриялық ота» қажет болған жағдайда, хирург-дәрігерлермен бірге отаға дейін де, кейін де диеталық кеңес беріледі. Аталған шара ауруханадағы профилактикалық бөлімшемен бірлесе отырып жүргізіледі.

Jas qazaq: Бүгінде сол дұрыс тамақтанбай, неше түрлі дертке ұшырап жатқандар көп пе?

Бақытжан Бейімбетов: Өкінішке қарай, дұрыс тамақтанбаудың әсерінен болып жатқан сырқатпен олардың асқинулары жиі кездесуде. Қазіргі кезде семіздік, метаболикалық синдром (*майдың жиі құрылысында көптеп жиналуы, гипертония, инсулинге сезімталдықтың төмендеуі, гиперинсулинемия*), өт-тас ауруы және атеросклероз жиі кездесуде. Бұл сырқаттар көп жағдайда әртүрлі асқинуларға соқтырып, қазіргі заманның үлкен проблемасына айналуда.

Jas qazaq: Асқазан-ішек ауруларының алдын алу үшін не істеу керек? Осы бағытта сіздерде қандай жұмыстар қолға алынған?

Бақытжан Бейімбетов: Сырқаттың алдын алу кезінде халыққа салауатты өмір сүру жайында үгіт-насихат жүргізу маңызды рөл атқарады. Сол бағытта біздің аурухана дәрігерлері жиі-



Бақытжан Бейімбетов: Иә, сондай жасырын түрде асқынатын аурудың бірі – бауыр аурулары (*созылмалы гепатит пен бауыр циррозы*). Бұл адамды аса мазаламайды. Тек әлсіздікпен, тез шаршағыштықпен сипатталады. Ал ойлап қарасаңыз, қазіргі заманда кім шаршамай жүр? Содан дер кезінде дәрігерге қаралмай, уақыт өткізіп алатын жағдайлар жиі кездеседі. Науқас тек аурудың асқынған кезеңінде немесе басқа да бір сырқат бойынша профилактикалық тексерулер кезінде қан анализін тапсырғанда анықталады. Кейбір науқастар, тіпті цирроздың асқынған кезеңінде өнеш тамырлары жарылып, қан құсқаннан кейін ғана дәрігерге келеді. Сондай жағдайлар болмас үшін, дені сау адамның өзі өмірінде бір рет вирусты гепатиттерге тексеріліп қойғаны абзал. Себебі бауыр ауруларының басым бөлігі В, С және Д вирусты гепатиттердің салдарынан пайда болады. Сонымен қатар жыл сайын профилактикалық мақсатта жалпы қан анализі мен бауырдың биохимиялық анализдерін тапсырып, дәрігерге көрінгені абзал.

Jas qazaq: Сіздердің емханаларыңызға аймақтардан келген науқастар тегін қарала ала ма? Ол үшін қандай құжат болуы тиіс?

Бақытжан Бейімбетов: Біздің емхана арнайы контингентке арналғандықтан, аймақтардан келген науқастар тек ақылы түрде немесе

ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ!



«Ұлттық зерттеудің нәтижелері бойынша (2012 жыл) ересектердің 31,2 пайызында артық дене салмағы немесе семіздік бар. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің болжамы бойынша, елімізде халық саны 2030 жылға қарай 21 млн адамнан асып, егде адамдардың үлесі 7,7%-дан 11-13%-ға дейін ұлғаяды. Созылмалы аурулардың өсуінен демографиялық ахуалдың өзгеруі медициналық қызметтерге деген сұранысқа ықпал етеді»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

сактандыру полисі арқылы қарала алады. Ал ауруханаға жату еліміздегі басқа да ауруханалар сияқты электрондық госпитальдық портал арқылы, дәрігерлердің жолдамасымен жүзеге асады. Оған еліміздің кез келген азаматы тегін жатып емделе алады.

Jas qazaq: Жалпы дұрыс тамақтану үшін не істеу керек? Мәселен, қандай тағамнан мүлде бас тартқан жөн?

www.jasqazaq.kz

E-mail:

jas_qazaq@mail.ru



9

Бақытжан Бейімбетов: Дұрыс тамақтану қазіргі таңда, өкінішке қарай, күрделі мәселенің бірі. Әсіресе, Еуропадағы дамыған елдер мен АҚШ-та. Себебі табиғи азық-түлік азайып барады. Оның орнына әр түрлі қоспадан дайындалған, гендік тұрғыдан өзгерген өнімдер көбейіп жатыр. Біздің елде ондай проблема соншалықты өзекті болмағанымен, тұтынып жатқан тағамымызға көп көңіл бөлуіміз қажет. Балалар мен жасөспірімдеріміздің жедел дайындалатын fast-food тағамдарына үйір болуына көп бермеуіміз керек. Бұл тағамдардың құрамында май мен тұз, қант және де басқа ағзаға зиянды қуырылған заттар көп мөлшерде болады. Ал олардың дәмін дұрыстау үшін әртүрлі дәмдеуіш пайдаланылады. Оның калориясы да тым жоғары. Ал гиподинамияға шалдыққан жағдайда, бұл семіздікке алып келеді. Бірте-бірте адам өзін-өзі бұл тағамдардан шектей алмайтын жағдайға әкеп соқтырады. Содан кейін ағзада әр түрлі ауру пайда болады (*қант диабеті, бауыр мен ұйқы безінің бұзылуы, жүректің ишемиялық аурулары, гипертония және т.б.*). Энергетикалық сусындардың да зияны орасан. Олардың құрамында қант мөлшері өте көп. Тәулік қажеттілігінен шамамен 17-19 есе көп. Сол көп мөлшердегі қант жүрек айнауды тұғызбауы үшін сусындарға қосымша неше түрлі химиялық заттар қосылады. Сонымен қатар майлы, қуырылған, консервіленген, тұзды тағамдарды шектеу қажет. Тамақты көбіне үйде дайындап ішкен дұрыс. Себебі ол тағамдарды қандай ингредиенттермен дайындайтыныңызды өзіңізге белгілі. Қанша май, тұз немесе қант қосасыз, оның бәрін өзіңіз біліп отырасыз.

Jas qazaq: Отандық дәрігерлер жоғарыда айтылған дертпен күресудің тың жолдарын тапты ма?

Бақытжан Бейімбетов: Кезінде Гиппократ «Ішетін тағамымыз дәрі болуы керек, ал ішетін дәріміз тағам болуы керек» деп айтқан екен. Сол тұрғыдан алғанда, қазақтың ұлттық тағамдарына ден қойып, отандық бір топ ғалымдар мен дәрігерлер бірлесіп, қымыз бен саумалдың, шұбаттың диеталық және емдік қасиеттерін зерттеуді бастап кеттік. Қазіргі таңда бие сүті – саумалдың емдік шипасын зерттеу үшін білім және ғылым министрлігінен ғылыми грант ұтып алып, зерттеу жұмысын жүргізіп жатырмыз. Зерттеу аяқталғаннан кейін нәтижесін халықаралық деңгейде жария етеміз. Дегенмен қазірдің өзінде бұл сусын барлық ауруға ем болады деп айтуға толық негіз бар. Әсіресе, өкпе мен бауыр сырқатын емдеуде жақсы нәтиже береді.

Сұхбаттасқан Макпал НОҒАЙБАЕВА

Мереке

Алматы облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы және «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» қолдауымен мүмкіндігі шектеулі балғындардың «Мен дарынды баламын» фестивалі биыл бесінші мәрте ұйымдастырылды. Аталған байқау бұған дейін де дәстүрлі түрде жалғасын тауып, талай жанның жылу сыйлаған болатын. Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілген шара биыл да әр балғынды шаттыққа бөлеп, көңіл көкжиегін кеңейтті.

психологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі», мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Үміт» күндізгі болу орталығы, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Бейтерек» күндізгі болу орталығы, Көксу аудандық «Салауат» мүгедектер қоғамы, зағиптар қоғамы, нашар еститін және мүлде естімейтін балаларға арналған облыстық арнаулы мектеп-интернатының тәрбиеленушілері бой көрсетті. Көңілі мен өмірі ерекше балдырғандардың өнерін паш етер байқау шымылдығын ашқан «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» директоры Тәңірберген Қасымбекбаев фестивальге қатысушы әр балаға сәттілік тілеп, мерекесімен құттықтап, жалынды сөзімен жүректеріне жылу сыйлады.

Ынтымақ

Ұлы даланы мекендеген жүзі басқа, жүрегі бір, тілі басқа, тілегі бір ұлтар бірлігін бекемдеп, бейбіт өмір сүруде. Осыншама ұлт пен ұлыстың бірге тұрып, араласа қызмет етуі, ынтымағын жарастырып отырғаны – үлкен жетістік. Оған қоғамдық келісім мен ұлтаралық ынтымақты нығайту мақсатында жұмыс істейтін облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының» ықпалы зор.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жариялануы өткен жылдың басты оқиғаларының бірі болғаны баршамызға аян. Бұл дегеніміз – сананы жаңғырту, ел азаматтарының бойындағы рухын оята, мәдениетке, дәстүрге деген құлшынысты арттыру. Мақалада айтылғандай, біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу.

Бұл мақала ұлтаралық татулықты нығайтуда үлкен рөл атқарып отыр. Облыс көлемінде Елбасымыз атап көрсеткен бағыттар аясында біршама іс-шаралар жүргізілуде. Атап айтқанда, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға бағытталған 130-дан астам әр түрлі іс-шара жүзеге асырылып, «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мегажобасы аясында Жамбыл, Балқаш аудандары, Қапшағай қаласында «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» тақырыбында қоғамдық келісім кеңестерінің отырыстары өтті. Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын тиімді әрі сапалы қолдану мақсатында «Этномәдени бірлестіктер мен «Қоғамдық келісім» мекемелерінің қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асырудағы қызметі» тақырыбында республикалық тәжірибелік семинар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мүшелерінің қатысуымен «Қазақстанға ыстық ықыласпен» және «Атажұртты аңсау» республикалық форумдары өткізілді.

«Туған жер» бағдарламасы аясында 18–21 қыркүйек аралығында І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетімен бірлесіп, «Рухы бекем, киелі мекен – Жетісу» атты Алматы облысының киелі жерлеріне ғылыми-танымдық экспедиция ұйымдастырылса,

биылғы жылдың мамыр айында аталған экспедицияның екінші кезеңі сәтті өткізілді. Облыстық деңгейде алғаш рет жетекші журналистер мен сарапшылар клубының «Шаңырақ» шығармашылық байқауы өтті. Өңірімізде үздік деп танылған «Жетісу телеарнасының» тілшісі, «Единый народ» бағдарламасының

Жолдауы жарияланып, дүйім жұрттың көңілін тербеген мәселелер әңгіме өзегіне айналды. Президентіміздің жыл сайынғы Жолдауы ең алдымен мемлекетіміздің даму бағдарын айқындаса, екіншіден, межеленген міндеттерді саралауға, ой елегінен өткізуге мүмкіндік береді. Жана мақсаттар мен міндеттерді айқындап,

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ КЕПІЛІ



жүргізушісі Гүлназ Мұстафа республикалық байқауда жүлделі екінші орынды иеленіп, мерейімізді үстем етті. Сондай-ақ «Мын бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасына облысымыздан қатысқан Руслана Хван, Владимир Тен, Диана Шербакова, Алма Досыкеновалар 4 бағыт бойынша жеңімпаз атанды.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі қоғамды біраздан бері толғандырып келеді. Менің ойымша, әлемнің сексен пайызы латын әліпбиімен жазатын бүгінгі заманда оған көшу тіліміздің болашағына сеніммен қарауға, ұлттық қолымызды сақтауға жол ашады. Осы орайда қазақ тілінің латын әліпбиіне көшудегі маңызы мен рөлін түсіндіру мақсатында әр ауданда дөңгелек үстелдер мен кездесулер жоғары деңгейде өткізілді.

Былтыр республикамызда алғашқы болып, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы бағыттарды іске асыру мақсатында мәдени-танымдық «Рухани жаңғыру» орталығы ашылды. Достық үйін тағы бір бөліммен толықтырған орталықтың салтанатты ашылуына қатысқан облыс әкімі Амандық Баталов алдағы міндеттерді айқындап берді.

Биылғы 10 қантар күні Елбасының Қазақстан халқына

жана мүмкіндіктерге жол ашатын Жолдау халықтың болашаққа деген сенімін нығайтары сөзсіз.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жана мүмкіндіктері» деп аталатын Жолдау біріншіден, «Қазақстан – 2050» даму стратегиясына, «100 нақты кадам» – Ұлт жоспарына негізделіп, 10 нақты міндетті алға қойып отыр. Мемлекет басшысы қойылған міндеттердің әрқайсысына дәл түсініктеме бере отырып, оның болашақтағы тиімділігі мен нәтижесіне тоқталды. Сондай-ақ онда ел дамуының әр саласындағы өзекті мәселелер қамтылған. Осы орайда, ұлтаралық татулықтың ұстынына айналып отырған облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы мен «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы» Жолдауды насихаттап, талқылау, пікір алмасу мақсатында дөңгелек үстел мен кездесулер өткізуде. Алдағы уақытта да Президент Жолдауының мән-мағынасын халыққа дұрыс жеткізу сіз бен біздің қолымызда.



Тәңірберген ҚАСЫМБЕКБАЕВ,
«Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы» КММ-нің директоры, Талдықорған қаласы

БЕРЕКЕЛІ ЕЛДІҢ БАЛДЫРҒАНЫ ДА ТАТУ



Бүгінгі таңда қоғамның осындай әлсіз топтарына көрсетілер көмек те көп, қолдау да артып келеді. Әрине, аталған шарада әр баланың өзін жеке тұлға ретінде қабылдай білуіне, олардың шығармашылығын дамытып, қоршаған ортаны эмоционалдық тұрғыдан тануына үлес қосудың мақсат етуде. Фестивальге қатысушылардың езінде жарқын күлкі, көзінде жалын жетерлік. Дені сау жандарға қарағанда өмірге, өнерге деген ұмтылысы тіпті бөлек. Оны дайындық барысындағы іс-қимылынан бірден аңғардық.

Биылғы шарада Талдықорғандағы «Қамқор» балаларға арналған

Әлемдегі ең құнды байлықтың бірі – баланың шаттанғаны, бақытты күн кешіп мектанғаны екені анық. Тағдыр салған ауыртпалыққа мойымай, шеберлігін шындаған балалар талайды тәнті етті. Әуелетіп салған әсем әні де, мың бұралған биі де өмірдің мәні ерек екендігін бірден ұғындырды.

Шара соңында қатысушылар бағалы сыйлықтар иеленіп, диплом, мақтау қағаздарымен марапатталды. Жеткіншектерді фестивальға дайындаған жетекшілеріне де құрмет көрсетіліп, арнайы алғыс хаттар табыс етілді.

Лина АЙДЫН,
Талдықорған қаласы



Ұлт саулығы

Шымкент шаһарындағы «Химфарм» зауытын бүгінде білмейтін адам кемде-кем. Солай бола тұра, салынған соң екі ғасырдан кейін ғана игілігін халық көре бастаған зауыттың тарихын терең білмейді. Ендеше, біз айталық. Бұл – дүниежүзіндегі фармацевтикалық кәсіпорындардың ең алғашқыларының бірі әрі бірегейі. 1882 жылы зауыттың негізін орыс кәпестері Иванов пен Савинков қалапты. Олар неге басқа жер емес, қияндағы Шымкентті таңдаған? Өйткені Түркістан маңында, Арыс өзені бойында өлемнің көз көлген жерінде көздесе бермейтін дәруменді дермене деген киелі шөп өсетін. Оның шипалық қасиетін байырғы бабаларымыз ертеден білген. Халық еміңде жиі қолданған. Содан 1885 жылы Түркістан өлкесіндегі бірегей кәсіпорын алғашқы өнімін шығарады. Бұл – 189 пұт сантонин еді. Бір атап айтарлығы, Ресейде осы дәрінің 2-3 пұты ғана пайдаланылып, қалғаны түгелдей шетелге шығарылады. Демек дермененің дәрулігін шетелдіктер жоғары бағалаған.

1918 жылғы 15 мамырда Түркістан Республикасы Халық комиссарлары кеңесінің шешімімен зауыт национализацияланады. Ал 1921 жылдың 22 қарашасында В.Ленин қол қойған «Шымкент сантонин зауытын басқаруды ұйымдастыру туралы» декрет бойынша Түркістан Республикасы Халық шаруашылығы кеңесінен РКФСР Халық шаруашылығы

дайын дәрілік өнімдер шығаратын заманауи зауытқа айналды. Біз ауырған кезімізде дәріханадан көптеген дәрі-дәрмек сатып алып жатамыз. Бірақ солардың басым көпшілігі Шымкентте шығарылатынын білмейміз. Көп адам шетелдің дәрілерін күдіреттей көреді. Ал медицина атасы — Ибн Сина «Адамдар жергілікті жердің шөптерінен



жасалған дәрілерден ғана шипа табады» дегенін оқымаған, естімеген. Осы тұрғыда ыстық түсіретін, асқазан жарасын емдейтін, өт айдайтын, жүйке тыныштандыратын, теріні және жаракаттарды дезинфекциялайтын, суыққа, жөтелге қарсы препараттар антацидтер, диареяға, вирустарға қарсы дәрі-дәрмектер өзімізде шығатынын отандастарымыз біле жүргені жөн. Сонымен бірге фармацевтикалық тұнбалар, парафармацевтикалық, тамактануға қосымша қоспалар, урология, дерматология, гинекология және акушерлік, эндокринология, иммунология салаларына қажетті дәрі-дәрмектер де Шымкентте шығарылады.

Фармацевтика нарығы — әлемдік экономиканың ең табысты салаларының



Медициналық көмектің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін, денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, отандық фармацевтикалық өндірісті дамыту мақсатында Ұлттық дәрі-дәрмек саясаты (ҰДС) іске асырылады.

Фармацевтика саласының дамуы дәрілік заттардың қолжетімділігі, сапасы, тиімділігі мен қауіпсіздігі қағидаттарына негізделген, болып жатқан интеграциялық процестер жағдайындағы денсаулық сақтау жүйесінің, қазақстандық қоғамның, фармацевтика нарықтарының заманауи талаптарын ескере отырып, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етудің пациентке бағдарланған моделін құруға бағытталатын дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техника айналымы саласындағы ҰДС-мен айқындалады.

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасынан)



БАҒАСЫ АРЗАН, САПАСЫ ЖОҒАРЫ

кенесіне беріледі. Осылайша, дермене өсімдігі мемлекеттік монополия иелігіне өткізіледі. 1925 жылғы 3 маусымда Шымкент сантонин зауыты мемлекеттік химия-фармацевтика зауыты болып қайта құрылады. Бұл одақтағы тұңғыш фармацевтикалық зауыт болатын. 1923-1929 жылдары КСРО-да тұңғыш рет никотин өндіруді, 1931 жылы анабазин сульфатын өндіруді, бұдан кейінгі кезеңдерде диоспонин, полиспонин, цитизин сияқты жаңа препараттар жасау қолға алынды.

1970 жылдары зауыт медицина препараттарының 30-ға жуық түрін шығаруға қол жеткізді. Аса бағалы дәрілік өнімдер Ресейге, Белоруссияға, Украинаға, Монғолияға, Кубаға, Балтық бойы республикаларына түгелдей жіберіліп отырылды. Қазақстандықтар өздері өндірген өнімнің игілігін тата алмады. Шымкент сантонині жақын және алыс шетелдерге жөнелтіліп, түрлі дәрілер сол жакта жасалынып шығатын. Өздері жіберген өнімнен не өндірілетінін сол кезде шымыкенттіктер білген де жоқ. Қыруар байлықты шетелге жібере



отырып, еңбегінің өтеуін де өз денгейінде ала алмады. Ал жергілікті жұртшылық зауыттың нақты немен айналысатынын білмейтін. Тәуелсіздік таны атқалы ғана Қазақстандағы бірегей зауыттың игілігін өзіміз көре бастадық. Ең әуелі фармацевтика саласын жеткілікті менгеру міндеті тұрды. Өндірісті игеріп, игілікке жаратуға шынайы бетбұрыс жасала бастады. Жергілікті тұрғындар дәрі-дәрмек шығарудың құпиясына осы тұста қанықты. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана зауытқа жергілікті тұрғындар алына бастады.

1993 жылы «Химфарм» АҚ шаңырақ көтерді. Осыдан соң дайын дәрілік өнімдер шығару жаппай қолға алынды. Шетелдік әріптестермен ынтымақтаса, ықпалдау нәтижесінде заманауи құрал-жабдықтарды игеруге мүмкіндік туды. Басқарудың ғылыми жүйесі негізделді. Кәсіби шеберлікті алдыңғы орынға шығару міндеті тұрды. Ең бастысы, жоғары сапалы технологияларды менгеру керек еді. Зауыт басшылары осы міндеттерді бірінші кезекке қойды. Соның нәтижесінде Шымкент химия-фармацевтика зауыты аз ғана уақытта айтарлықтай алға жылжыды.

Кезінде дәрі-дәрмек шикізатын ғана дайындайтын кәсіпорын осылайша SANTO сауда маркалы халықаралық стандартқа сай

халықаралық стандарт бойынша жұмыс істейді. Десек те, олардың аз ғана бөлігі GMP стандартына жауап бере алады екен. Бірқатар өндіріс орындары ISO сертификаты бойынша жұмыс істеп келеді. Бұлар заманауи құрал-жабдықтармен жарақтандырылған. Осы ретте отандық фармацевтика саласы бойынша «Химфарм» АҚ әріптестері арасында суырылып алға шығатынын мақтанышпен атап көрсеткеніміз абзал. Бұл орайда шымыкенттіктер ұлттық фармацевтиканы бастап тұр!

Еуропа елдеріне өте танымал компаниялардың бірі — «Польфарм» ұжымы «Химфармға» қол созғалы дәрі-дәрмек өндіру көлемі артып, өнім сапасының жақсарғанын айта кеткен жөн. Ресейдің «Фармстандарт» компаниясы Қарағанды фармацевтика кешенін басқаруға алғанда өндіріске 15 миллион доллар көлемінде инвестиция салған екен. Ал «Химфармды» «қосаққа» алған поляк ағайындар өндірісті ілгерілету мақсатында 100 миллион долларын аяған жоқ. Бұдан шығатын қорытынды, «Химфармның» екі елге де пайдасы көп. Өндіріс өнімдеріне өлемнің кез келген нүктесінен сұраныс бар. Қазіргі таңда зауыт өндірген дәрі-дәрмектер жер шарының түкпір-түкпіріне тарап жатыр. Дәрі сапалы болмаса, алұшылар да азаятыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. «Химфарм» АҚ жыл сайын 1 миллиард дана таблетка, капсула және гранула, сонымен бірге 300 миллион дана ампула, 24 миллион антибиотик құтысы мен инфузиялық ерітінділердің 4 миллион орамасы мен емдік шәрбаттардың 20 миллион құтысын да шығарады. Оған қоса, медицинаның терапия саласына қажетті көптеген ауруларды емдеуге арналған 12 фармотерапиялық топқа жататын 200-ден астам дженерик және түпнұсқалық препараттар өндіріледі.

Зауыт іске қосылғалы жергілікті тұрғындар тұрақты жұмыспен көптеп қамтылып келеді.

Қазір кәсіпорын 1200-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Италиядан, тағы басқа да дамыған елдерден фармацевтика саласына керекті бүгінгі заман талабына лайықты озық үлгідегі технологиялар жеткізілген. Оларды менгеру үшін мамандар арнайы курстарда білімдерін жетілдірілген. 2013 жылы өндірісті жаңғырту мен GMP стандарттарын енгізу жөніндегі инвестициялық жоба шеңберінде Santo



Member of Polpharma Group фармацевтикалық компаниясы ампула инфузиялық цехында кең ауқымды өндірісті іске қосудың соңғы кезені — жабдықтарды біліктілік пен валидациядан өткізу процесін жүзеге асырған. Бұл зауытқа инвестицияның көптеп салынуы арқасында атқарылып отыр. Міне, осылайша, Шымкенттегі «Химфарм» зауыты әлем назарына ілікті.

Зауыт қазіргі таңда өнімдерін Santo халықаралық сауда белгісімен шығарады. Олар өндірген өнімдер қазіргі таңда Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, сонымен қатар Монғолия елдеріне экспортталады.

Қазақстандағы фармацевтика саласының көшбасшысына айналған «Химфарм» АҚ дәрі-дәрмектің 200-ден астам түрін өндіруге машықтанған. Кәсіпорын еліміздегі тегін медициналық көмек көрсетуге қажетті дәрілердің үштен бірін шығарады. Жакында мұнда антибиотик ұнтақтарын асептикалық жолмен бөліп шығаратын цех іске қосылды. Бұл жаңа жоба кәсіпорынның әлемдік нарықта Қазақстанның ойып тұрып, өзіндік орын алғанын да көрсетеді. Мамандардың айтуынша, осы цехта өндірілген цефалоспорин антибиотигінің өзінен 14 түрлі дәрі жасалады. Аталған антибиотик мұнда бұрын да өндіріліп келген екен. Әйтсе де, GMP стандартының талабы бойынша бөлек желі болуы керек. Осы желі арқылы зауыт жылына 40 миллион құты антибиотик шығаруда.

Жуырда аталған зауыттың жұмысымен танысудың сәті түсті. Мұндағы жұмысшылар айлық еңбекақысын айма-ай алып отыралы. Токсан сайын көтерме сыйлық та қарастырылған. Еңбеккерлердің өнімді еңбек етуі үшін мұнда барлық жағдай жасалынған. Цехтар қалыпты жұмыс істеп тұр. Ақ желең киген мамандар өз орындарында.

Компания өз өнімдерін Еуропа нарығына шығаруды басты мақсат тұтып отыр. Осы зауытта өндірілген өнімдерді Еуропа елдері көптеп алдырталды. Себебі де белгілі. Кәсіпорын дәрі-дәрмектің алуан түрін шығарады және олар халықаралық стандарттарға толық жауап береді. Әрі экологиялық жағынан таза өнім болып табылады. Қазір зауытта 200-ден астам дәрі шығады деп жоғарыда айттық. Алдағы уақытта өнімнің жаңа түрлерін шығару көзделіп отыр. «Польфарм» АҚ әлемдік фармацевтика саласында халықаралық беделге ие. Осы беделді ұйым бір жылда Орталық және Шығыс Еуропа, Кавказ, Орталық Азия елдеріне дәрі-дәрмек тарату арқылы алдыңғы жылы 600 миллион доллар көлемінде таза пайда табуға қол жеткізіпті. Осындай ірі кәсіпорынмен қоян-қолтық жұмыс істеп келе жатқан «Химфарм» АҚ да жыл өткен сайын құлшын кенге жая түсеуде. Айталық, зауыт 2016 жылы 2,5 миллиард тенгеге 8 миллион дана түрлі дәрі-дәрмек экспорттаған. Оның ішінде балалар дәруменінен бастап,

асқынған ауруларға қажетті екпелер де бар. Өсім 10-15 процентке жеткен. Зауыт құрылтайшылары ендігі кезекте кәсіпорынның Қазақстан нарығында және Еуразия экономикалық одаққа қатысушы елдер аумағында мықтап тұрып орын алуына күш салуда.

«Самұрық-Қазына Фармация» ЖШС тегін медициналық көмек шеңберінде берілетін дәрі-дәрмектің үштен бірін осы «Химфармнан» алады. Медицина саласындағы кәсіпорындардың ақпараттық және технологиялық қызметі мен олардың жұмыс сапасын анықтайтын IMS Health компаниясының зерттеуі бойынша, фармацевтика нарығындағы 4,7 проценттік үлесі бар SANTO компаниясы 2015 жылдың қорытындысы бойынша еліміздің осы саладағы биік белестерінен табылған. Осы уақыт аралығында компанияның жалпы сауда көлемі 15,7 миллиард тенгеніі, бөлшек сауда бойынша 7,8 миллиард тенгені құраған. Жылдан-жылға өнім өндіру қуаты артып келе жатқан «Химфарм» АҚ соңғы жылдардың өзінде 1,5 миллиард тенгенін дәрі-дәрмегін шетелге жөнелтті.

Зауыттың өндірістік бөлімдері мен қоймалары, зертханаларын модернизациялау бағытында ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылыпты. Осыдан үш-төрт жыл бұрын компанияға Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің халықаралық өндірістік тәжірибесіне сәйкес (GMP) сертификаты берілген. Бүгінде «Химфарм» АҚ-ның барлық өндірістік бөлімшелері осы сертификат бойынша жұмыс істейді.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,

Оңтүстік Қазақстан облысы

Жарыс

Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында көп нәрсе қамтылған. Онда балалар мен жасөспірімдер спортын дамытуға арналған әртүрлі жарыс пен спорттық арнайы мектептер туралы да айтылады. Құжатта «Балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтыру және спортпен барынша қамтуды қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасауды жандандыру қажет» делінген.

Көкшетаудағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында өтіп жатқан SportFEST Kazakhstan мектеп спартакиадасының финалдық ойындары осы тұжырымдама негізінде қолға алынып жатқан бастама деуге болады. Осы аптада жылға созылған жарыс өз мәресіне жетті.

Қазан айынан басталған ауқымды республикалық спорттық жобаның қорытындысы анықталып, жеңімпазды марапаттау рәсімі өтті. Еліміздің барлық облысынан келген оқушылар мамырдың 31-нен бері жігіттер арасындағы футбол, әскери қолданбалы спорт түрлері, шахмат, үстел теннисі,

қыздар арасындағы баскетбол мен тоғызқұмалақ бойынша бақ сынасты.

Ал дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Жастарды неғұрлым көбірек қамту үшін баскетболдан, волейболдан, футболдан, бокстан және басқа да бұқаралық спорт түрлерінен студенттік және мектеп лигаларын дамыту мәселесін пысықтау қажет» деп көрсетілген.

Жарысқа қатысушылар үшін биылғы жазғы демалыс ерекше басталып, қызықты сәттермен есте қалатыны анық. Мәселен,

ҮЗДІКТЕР САРАЛАНДЫ

қарт Каспийдің жағасында өскен жас спортшы Маусым Ембиева баскетбол командасымен Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданының намысын қорғауға келген.

Ол «Жоба өте ұнады. Әсіресе, «Балдәуренге» келгенімізге өте қуаныштымыз. Бұл жердің табиғаты керемет екен. Кеше Бурабайға экскурсияға барып қайттық. Қазақстанның әр жерінен келген балалармен достастық. Бұл спартакиада жазғы демалысымыздың қызықты бастауы десек те болады. Күнде жана нәрсе үйренеміз: ойнаймыз, ән шырқап, би билейміз. Тіпті өз қолымызбен әртүрлі кәдесыйлар да жасадық. Әр танымыз бен кешімізді «Жастар» тобының үйлестірушілерімен өткіземіз. Кино кештері, концерт, отты шоу сияқты таң қалдырарлық шара өткізіп жатқан SportFEST Kazakhstan жобасының ұйымдастырушыларына көптен-көп

рахмет! Алдағы уақытта да қатысқымыз келеді», — дейді.

Көкшенің әсем Бурабайында өтіп жатқан балалар бәсекесі жарыстан басқа, әр түрлі байқау, экскурсия және мәдени шаралармен есте қалды.

www.jasqazaq.kz

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru



11



Бұдан бөлек, жас спортшылар бос уақытын тоқу, өнер сабақтары, ән салу, би үйірмелерінде өткізді.

Қызылордадан келген Тоғжан Мұхтарқызы спартакиадаға қатысу үшін өзіне екі мақсат қойыпты. Біріншісі — тәжірибе жинау болса, екіншісі — жүлделі орын алу. Ол өз облысының намысын қорғап, ақтық мәреде өнер көрсеткен. Қуанышында шек жоқ. «Спартакиадаға қатысу арқылы көптеген достар таптым. Бәрі де қатты ұнады, біздің уақытымызды тиімді өткізу үшін түрлі шаралар ұйымдастырылды. Жалпы бұл жоба жыл сайын ұйымдастырылса екен деген тілегім бар», — деп ағынан жарылды ол.

Сыйлық қоры жас спортшылардың тілектеріне сай болды. Мәселен, бірінші орын жеңімпазына велосипед, екінші орын иегерлеріне — гироскутер,

үшінші орын жүлдегерлеріне электросамокат сыйға тартылған. Жоба туралы өз ойымен бөліскен әлеуметтік желі белсенділері де назардан тыс қалмай, сыйлықпен марапатталды.

Бір жыл ішінде SportFEST Kazakhstan жобасы елімізде жүздеген оқушының басын қосып, жазғы демалыстың тамаша бастауы болды. Айта кетейік, спартакиада финалының салтанатты ашылу рәсімінде Сенат депутаты Дариға Назарбаева аталған жарысты жыл сайын өткізуге ұсыныс жасады.

Бұл еліміз бойынша 6000-нан астам оқушының басын біріктіріп, спортқа баулыған республикалық спартакиада болды.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Дерек пен дәйек

Отандастарымыздың денсаулығын жақсартудың бірден-бір көпірі — спортпен шұғылдану. Осы орайда, еліміз бұқаралық спортты дамытуға ден қойып отыр. Арнайы құжат қабылданып, спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілді. Бұл жауапкершілігі мол жұмысты атқару мәдениет және спорт министрлігіне жүктелген. Ал аталған министрліктің аса маңызды стратегиялық бағыттарының бірі — бұқаралық спортты дамыту мен еліміздің жоғары жетістіктер спортының

5 млн 204 мың адам жүйелі түрде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданумен қамтылған. Статистика комитетінің дерегіне



қатысуымен 7 мыңнан астам шара өтті.

Бұқаралық спорттың дамуына тағы бір себеп — Қазақстан

Велошеру

Әмірде адамның денсаулығын жақсартып, жасын ұзартатын, көңілін өсіріп, сымбатты, жігерлі де жинақы жүруіне септесетін дене тәрбиесі мен спорт саласы мемлекет тарапынан қолдауға ие. Үкімет дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекітті.

спортты дамыту, салауатты өмір салтын ұстану тапсырмасын орындау, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына үн қосу және Елордамыздың туған күніне орай өткізіліп отыр. Қала тұрғындарына сайттар және әлеуметтік желілер арқылы хабарланды. Спорт жас талғамайды. Белсенділік танытқан жас та, көрі де, орта жастағылар да жарыс жолына түсті», — деді

Адамның бұлшық етін нығайтып, қан айналымына оң әсер ететін жарысқа қатысушылар қаланың жаңа көшелерінен өтіп, 15-ші шағын аудандағы теңіз

БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҢ ӘЛЕУЕТІ

Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасының тестілерін өткізу болып табылады.

Қазіргі таңда, Президенттік тестілер отандастарымыздың дене шынықтыру деңгейін көрсететін бірден-бір кешенге айналды.

Тұжырымдаманың негізгі мақсаты бұқаралық спорт пен жоғары жетістіктер спортын қарқынды дамытудың біріктіруші көзі және басты қозғаушы күші ретінде ұлттың спорттағы әлеуетін жұмылдыруға бағытталған дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімді моделін қалыптастыру болып табылады.



бәсекелестікке қабілеттілігін көтеру мен нығайту болып табылады. Ең бастысы — 2020 жылға қарай елімізде отандастарымыздың 30 пайызын дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтамасыз ету.

Осы тапсырмалар еліміздің стратегиялық жоспары мен бағдарламалары, Елбасының және үкіметтің тапсырмалары, «100 нақты қадам» Ұлт жоспары мен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында қойылған міндеттерге сәйкес жүзеге асырылады.

Жүктелген міндеттерді іске асыру шеңберінде, 2017 жылдың қорытындысы бойынша елімізде

жүгінсек, бұл отандастарымыздың 28,7% құрайды. Бұл 2016 жылмен салыстырғанда шұғылданушылар саны 1,3% ұлғайғанды білдіреді.

Министрлік салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен бірлесе отырып, 2018 жылдың алғашқы үш айында 12 мыңнан астам спорттық-бұқаралық іс-шара өткізген. Оған 1,1 млн адам қатысыпты. Оның ішінде ауылдық жерде 500 мыңнан астам адамның

Нормативтер дене шынықтырумен және спортпен айналысуға қарсы көрсетілімдері жоқ азаматтарға арналған. Президенттік тестілер үш деңгейге бөлінеді:

- Президенттік дайындық деңгейі;
- Ұлттық дайындық деңгейі;
- Бастапқы дайындық деңгейі.

Өткен жылы 5 млн 107 мың адам осы сынақты тапсыруға бел буды. Оның ішінде 126 мың адам Президенттік деңгейдегі нормативтерді, 274 мың адам ұлттық деңгейдегі нормативтерді орындады.

Мектеп жасындағы балалар арасында тұрғылықты жері бойынша дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын қамтамасыз ету мақсатында қосымша білім беру мекемелері, оның ішінде 537 балалар-жасөспірімдер клубы, 96 балалар-жасөспірімдер дене дайындығы клубы жұмыс істейді.

Өткен жылы балалар-жасөспірімдер клубтары және балалар-жасөспірімдер дене дайындығы клубтарына 124,4 мыңнан астам бала мен жасөспірім барды. Бұл көрсеткіш 2016 жылмен салыстырғанда 7,8%-ға немесе 9,8 мың адамға артты

Раухан ТОҒЫМБАЕВА,
мәдениет және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері комитетінің баспасөз хатшысы

ЖАС ТАЛҒАМАЙТЫН ДОДА

Бұқаралық спортты дамытуға ден қойған Маңғыстау облысында да түрлі спорт шарасы ұйымдастырылып келеді. Жуырда Ақтау қаласында Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын іске асыру аясында және Астананың 20 жылдық мерейтойына орай велошеру ұйымдастырылды. Спорт шеруіне жиналған 300-дей қала тұрғыны 9 шақырым жолды велосипедпен жүріп өтті.

Танертенменен 35-ші шағын аудандағы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының алдында жиналған спортсүйер қауымның ішінде мемлекеттік қызметкерлер, кәсіпкерлер, студенттер, оқушылар бар.

Берілген нұсқаудан кейін жүйткі жөнелген қатысушылар қаланың солтүстік беткейінде салынған жаңа жолдың бойында жарысты.

Облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Құрманбек Жұмағали «Бүгінгі спорттық шарамыз Елбасы Н.Назарбаевтың бұқаралық

жағалауына жетті. Қарсыластарын артқа тастап, озып кеткен спортшылардың алдыңғы легі де келіп, мәре сызығын кесті. Мәре сонындағы салтанатты рәсімде облыс әкімі Ералы Тоғжанов бірінші болып келген Дмитрий Козаковқа және 2, 3-орындарды иеленген Валерий Молодцов пен Абай Сапарұлына медаль мен естелік сыйлықтарды табыстады.

Велошеруге қатысушылар мен теңіз жағалауына жиналған жұртшылық таза ауамен тыныстап, жаттығу жасап, бір сергіп қалды.



Ақтау қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Канат Жұмабаевтың айтуынша, өңір орталығында велошеру өткізу жыл бойы жалғасады.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ
Суреттерді түсірген Серік МАЙЕМЕРОВ



ҚОЛАДАН

«Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту». Бұл – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасында» көтерілген басты мәселенің бірі. Қазіргі таңда барлық өңірлерде Елбасы жүктеген міндеттерді жүзеге асыру бойынша нақты жұмыстар жүріп жатыр. Соның бірі – Атырау қаласындағы 3 оқу орнында жатақхана мәселесі шешілді.

Жақында Атырауға Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми жұмыс сапарымен келіп кетті. Жергілікті зиялы қауым өкілдерімен кездескен Сенат төрағасына сол кезде Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев Президент бастамасына байланысты жүзеге асырылып жатқан жұмыс бойынша ақпарат берген еді. Негізгі жаңалық, «КазТрансОйл» мекемесіне қарайтын заманауи үлгідегі ғимарат

шалғай аудан, ауылдық елді мекендердің балалары. Бірінші курсқа қабылданғандықтан, бұл жолы жатақханадан бөлме алу аса қиындық тудыра қоймады. Бірақ жоғары курсқа өткен сайын жатақхана алу қиындай түседі деп еститімін. Ол



дүние. Осы ретте «ҚР Білім туралы» заңына енгізілген өзгертулер Атырауда тағы бір батыл қадамдардың жасалуына ықпал етті. Мұнайлы аймақтың басшысы Нұрлан Ноғаев жергілікті бюджеттен грант бөледі қолға алды. Мәселен, маман тапшылығы бар салалар бойынша, өткен жылдан бастап Атырау облысында жергілікті бюджеттен 222 өңірлік грант берілді. Осы мақсатқа 106 миллион тенге бөлінді.

Қазіргі таңда өңірлік грант арқылы 35 студент дәрігер, 178 студент мұғалім, 9 студент ауыл шаруашылығы саласы мамандығына оқуда. Биыл аталмыш гранттың санын 300-ге дейін көбейту жоспарланып отыр. «Қазір грант ұтып алуға ниетті түлектермен арада белсенді жұмыс жүруде. Өңірлік гранттар облыстағы кадр жетіспеушілігі бар салаларға бағытталған. Мысалы, 2016 жылы 240 дәрігер жетіспеген болса, бытыр салаға 126 дәрігер келді. Бағдарлама жалғасын тапса, алдағы бес жылда Атырау облысында маман тапшылығы мәселесі шешіледі», — дейді аймақ басшысы Нұрлан Ноғаев. Айта кетейік, жергілікті

Білімді студент,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің балансына берілді. Нұрлан Ноғаев «Қазіргі таңда Атырауда үш жоғары оқу орны бар. Аталған ғимараттың университет балансына түпкілікті берілуі жоғары оқу орындарындағы жатақхана жетіспеушілігі мәселесін толық шешті. Бұдан бөлек, Атырауда 25 колледж бар. Бүгінде 100 орындық екі жатақхана құрылысы жүріп жатыр. 100 және 150 орындық екі жатақхана құрылысының тендерлік рәсімдері жасалды. Жалпы сыйымдылығы 960 орындық сегіз жатақхананың жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалуда. Осындай жүйелі жұмыстар нәтижесінде жатақхана мәселесі толық шешіледі», — делі.



СТУДЕНТТІҢ ҚУАНЫШЫ

Гүлнәз ҚАЖЫҒАЛИ, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің студенті: «Мен университетте психология мамандығына оқып жатырмын. Біздің топтағы студенттердің дені

да түсінікті ғой. Себебі оқуға жаңа қабылданған студенттерге және оралман бауырларымызға басымдық беріледі. Сондықтан жоғары курстарда группалас қыздарыммен бірігіп, пәтер жалдау туралы жоспарлап жүргенбіз. Енді бұлай алаңдамайтын болдық. Себебі жаңа ғимараттың



«2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жатақхана салуды тапсырамын. Бұл алдағы жылдарда өсе түсетін сұранысты ескергеннің өзінде жатақхана тапшылығын біржола шешеді»

«Қазір еліміздің жоғары оқу орындарында 530 мыңнан астам жас оқып жатыр. Олардың 30 пайызға жуығы мемлекет бөлген грантпен білім алуа. Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру үшін төмендегідей шараларды ұсынамын. Қазір жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөлу керек. Оның 11 мыңы техникалық мамандықтар бойынша бакалаврлық білім беруге тиесілі болады»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасынан»)

жайлы жатақхана

Өңірлік грант саны 300-ге дейін көбейеді

Жатақхана тақырыбымен бірге, қазіргі таңда сапалы білім беру және әр өлкені білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесі де өткір

бюджеттен бөлінген білім беру гранты аясында атыраулық жастар бүгінде Атырау ғана емес, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарындағы жоғары оқу орындарында да оқып жатыр.

ТАҢДАЙЛЫҚ ҚЫЗДЫҢ БЕЛЕСІ

Атырау облысы әкімдігінің гранты бойынша білім алып жатқан 222 студенттің қатарында Нұрсағида Амангелді де бар. Ол биыл Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің бірінші курсына аяқтады. Кейіпкеріміз Махамбет ауданының Таңдай ауылындағы мектепті бітірген. Қазір университетте «Педагогика және бастауыш білім беру әдістемесі» мамандығы бойынша білім алып жатыр. Нұрсағидамен бір топта осы аймақтық грант бойынша тағы да 13 студент оқиды. Бакалавр дипломын алған соң, кадрларға келісімшарт негізінде мамандығына сай жұмыс та ұсынылады.

Студент «Менің нақты максаттарым бар, болашағыма жоспар құрдым. Бес жыл жұмыс істегеннен кейін магистратураға түсіп, білімді жетілдіремін. Келешекте университетте жұмыс істеп, маман дайындау ісіне үлес қосқым келеді. Біздің білімімізге жұмсалған қаражаттың өтелетініне, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне өз үлесімізді қосатынымызға сенемін», — дейді студенттің анасы.

Нұрсағиданың анасы Нұржамал Ырыскалиева жергілікті атқарушы органдардың тағайындаған гранты отбасына үлкен көмек болғанын айтады. «Ауылдағы қарапайым отбасыларға осындай қолдау көрсетіліп отырғанына ризамын. Балаларымызға жақсы жағдай жасалуда, тегін білім алады, жатақхана берілді, жолақы төленеді» дейді студенттің анасы.

Айта кетелік, қазір еліміздің жоғары оқу орындарында 530 мыңнан астам жас оқып жатыр. Олардың 30 пайызға жуығы мемлекет бөлген грантпен білім алуа. Бес әлеуметтік бастама арқылы Президент Нұрсұлтан Назарбаев жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 оқу жылында тағы 20 мың грант бөледі, 2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың орындық жана жатақхана салуды тапсырып отыр.

Баян ЖАНҰЗАКОВА, Атырау қаласы







ТҮРІК ӘУЕ ЖОЛДАРЫНЫҢ БИЗНЕС КЛАСЫН ҚАРСЫ АЛЫҢЫЗ!

КҮН САЙЫН АЛМАТЫДАН А330 ЖАЙЛЫ РЕЙСІМЕН ҰШЫҢЫЗ!

ВСТРЕЧАЙТЕ БИЗНЕС КЛАСС ТУРЕЦКИХ АВИАЛИНИЙ! ЕЖЕДНЕВНЫЕ РЕЙСЫ ИЗ АЛМАТЫ С КОМФОРТОМ А330!

TURKISHAIRLINES.COM
A STAR ALLIANCE MEMBER

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23)

Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2116;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 50 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.